

**Бастауыш сынып оқушыларына арналған оқу
тапсырмалар жиынтығы**

Әдістемелік көмекші құрал

Пікір жазғандар: Халитова И.Р., п.ғ.д., профессор
Құдайбергенова Г.С, п.ғ.к., доцент

Рысқұлбекова А.Д.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған оқу тапсырмалар жиынтығы. Әдістемелік көмекші құрал.

ISBN 978-601-224-169-3

Бұл әдістемелік көмекші құралда бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда оқу тапсырмаларының мәніне, коммуникативтік тапсырмалардың түрлері және оларды қолданудың әдістемелік ерекшеліктеріне сипаттама беріліп, бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған коммуникативтік тапсырмалар жүйесі ұсынылады. Оқу үдерісін ұйымдастыруда бұл көмекші құралдың практикалық көмегі зор.

Әдістемелік құрал мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім беру жүйесінің қызметкерлеріне арналған.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1 Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негізі	
2 Оқу тапсырмалары – оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту құралы ретінде	6
3 Коммуникативтік тапсырмалардың педагогикалық құрал ретіндегі мәні	13
4 Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға бағдарланған тапсырмаларды пайдаланудың әдістемелік ерекшелігі	25
5 «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Дүниетану» оқу пәндері бойынша коммуникативтік тапсырмалар үлгісі	31
Қорытынды	34
Әдебиеттер тізімі	35

КІРІСПЕ

Бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Жалпы орта білім берудің жалпы ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуға дайын, құзыретті тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету.

Оқыту жүйесінде оның ішінде бастауыш сатыдағы білім мазмұнын жаңарту біліми кеңістікті оқушыға жеке тұлғалық тұрғыдан ұйымдастыруды қамтамасыз ететін деңгейде өзгертумен қатар, оқу пәндері бойынша түйінді құзыреттіліктерін қалыптастырудың басымдылығы берілетін білім мазмұнына да өзгеріс енгізудің қажеттілігі артуда.

Қазіргі өскелең талапқа сәйкес әрбір оқу пәні бойынша білім, білік және дағдыны ғана игеру оқушы құзыреттілігі үшін жеткіліксіз болып табылады. Құзыреттілік – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана алу, мәселені шеше білу секілді оқушының дайындық сапасының құрылымдық сипатын анықтайтын жаңа сапа.

Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «Бізге экономикалық және қоғамдық дамудың қажеттіліктеріне сәйкес келетін жаңа білім беру жүйесі қажет» деп атап өтеді. Бүгінгі қоғамда оқушының академиялық – энциклопедиялық білім жиынтығы жеткілікті болғанымен, күнделікті өмірде кездесіп отырған түрлі жағдаяттарға икемсіздігі байқалып жатады. Бұл оның өмір сүру үдерісінде қажетті құзыреттіліктерінің қалыптаспағанын айғақтайды.

Осы міндеттерді жүзеге асыруда тұлғаны дамытуға, оның әлеуетін анықтауға, дербестігін қалыптастыруға бағытталған дәстүрлі сынып-сабақ жүйесінің орнына ізгіліктік философия, психология және педагогиканың идеяларын біріктірген тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесі келуде. Аталған жүйе адамды субъект ретінде өз өмірін қалыптастыруға мүмкіндік береді; оқушыларды белсенділіктің барлық түрін (танымдық, әлеуметтік, шығармашылық және т.б.) жауапкершілікпен жүзеге асыруға үйретеді. Білім берудің жаңа сапасына 12 жылдық жалпы білім беретін мектептер жағдайында қол жеткізуге болады. Осыған сәйкес жалпы білім беретін мектептің екінші сатысында оқушылардың ғылым жүйесінің базистік негіздерін игеруі, олардың бойында адамдар арасындағы қарым-қатынастығы биік мәдениетін, өзін-өзі тануды және кәсіби бағдарды қалыптастыруда бастауыш мектеп қызметінің басым бағыттары болып табылады.

12 жылдық оқыту мерзімімен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті жалпы орта білім беру стандартының мазмұны әр оқушының жеке ерекшелігіне қарай білім нәтижесі түріндегі құзыреттер жиынтығын игеруге бағдарланып белгіленген. Онда білім беруден күтілетін нәтиже *проблеманың шешімін табу, ақпараттық және коммуникативтік* деп аталатын негізгі құзыреттер түрінде берілген. Бұл нәтижелер жиынтығы оқушының оқу-танымдық әрекетіндегі өзіндік қызметін анықтауына, өзінің бағдары мен өз іс-әрекетіне баға беруіне, іс-әрекет нәтижесін өзгемен салыстыруға мүмкіндік

туғызады. Соның ішінде бүгінгі өскелең қоғамда коммуникативтік құзыреттіліктермен терең қаруланған ұрпақ тәрбиелеу алдыңғы қатарлы мақсаттардың бірі болып отыр.

Коммуникативтік құзыреттілік адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді орындауды, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін қолдана алу білігін, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуын қарастырады. Демек, оқу-ағарту саласында өзекті мәселенің бірі – бастауыш сынып оқушысын сапалы қарым-қатынасқа даярлап, тұлғаның коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру. Бастауыш сынып оқушысының тілдік қарым-қатынасын жетілдіру, дамыту арқылы қоғамға жан-жақты дамыған, белсенді, өздігінен жасампаздықпен ойлай алатын және өз ойын шығармашылықпен жеткізіп, шебер қарым-қатынас жасай білетін, тілдік қатысымды тиімді қолданатын баланың коммуникативтік қабілеттерін дамыту қажет. Коммуникативтік құзыреттілік тұлғаның оқу-танымдық, кәсіби және мәдени-танымдық қызметтің өзекті салаларында сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгеруге байланысты іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Құзыреттілікке бағдарланған тапсырмалардың ерекшеліктері олардың тәжірбиеге бағдарланатындығында, алайда оны орындау пәндік білімді, тіпті кейде бірнеше пәндік білімді қажет етеді. Құзыреттілікке бағдарланған жағдаяттық тапсырмаларды шешу көбінесе, нақты өмірде, қоғамда болып жатқан, мұғалімге де, оқушыға да жаңа болып табылатын өзгерістерге терең талдау жасаумен байланысты болып келеді. Бұл жағдайда мұғалім мен оқушының арасындағы өзара қарым-қатынас өзгереді, яғни олар тең құқылы серіктестер ретінде қарастырылады. Құзыреттілікке бағдарланған тапсырмалар пәнаралық байланысты, кіріктірілген бола отырып, іс-әрекеттік тәжірбиеге бағдарлау негізінде пәндік білімді жүйелеуге мүмкіндік жасайды.

I Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негізі

Білім берудің нәтижесі дәстүрлімен салыстырғанда білім, білік, дағдының жүйесі ретінде түсіндірілсе, жаңа стандартта (2008ж.) алғаш рет білім нәтижесінің мөлшерін анықтауға мүмкіндік беріліп отыр.

Оқушылардың дайындығының міндетті деңгейі нәтижеге бағдарланған білім беру мен олардың жетістігін бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ету түрінде беріледі.

Білім беру жүйесінің дамуының қайшылықтары ретінде жүйелілік және әдіснамалық сипаттағы мәселелердің негізі болып отырған БМЖМС 2002 – де мектеп білімінің мақсаттары оқушының жеке тұлғасын дамытудың басты бағыттары ретінде оқушының нақты іс-әрекеттерін, қабілеттілігін дамытуға, олардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптардың берілмеуі, білім мазмұнының оқушының өмірдегі болып жатқан жағдаяттарға құзыреттілік тұрғыда қатыса алмауын, білімнің мемлекеттік стандарттар аумағынан тыс қалуы және оқушыға білім алудың жеке траекториясын жасауға мүмкіндік берілмеуін атауға болады.

Бұл белгіленген білім мазмұны мектеп бітірушілерге бірыңғай оқу пәндері бойынша білім, білік және дағдылар бергенімен өмірде болып жатқан жағдайларға араласуда өзінің құзыреттілігінің жеткіліксіздігін байқатады.

Сол себепті оқыту үдерісін ұйымдастыруға деген жаңа бетбұрыстар білім, білік, дағдыны меңгертуден, құзыреттікті қалыптастыруға, яғни оқушылардан күтілетін нәтижесіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқыту үрдісін жобалауға қарай өзгертудің қажеттілігі артып отыр.

Құзыреттілік өзіне білім, білік және дағдыны кіріктіре отырып, оны тәжірибиеге бағдарланған білім, білік және дағды ретінде қарастырылады. Бұл мәселе жалпы білім беруді модернизациялауда «іргелі және тәжірибиелік білімдердің сәйкестілігін үйлесімді жетілдіруде білім беру үдерісінің бағыттылығы игерілген білімге ғана емес, сонымен бірге ойлау қабілетін дамытуға, практикалық біліктерді өнімді етуге, түрлі рәсімдер мен технологияларды үйренуге, әртүрлі тәжірибелер түрлерін кеңейту, интерактивтік және ұжымдық жұмыс түрлерін күнделікті өмірдегі мәселелерге, меңгерген мәліметтерге үйлесімділікпен» қолдануын білдіреді.

Олай болса, құзыреттілік білім, білік, дағдыны мүлдем жоққа шығармайды, дегенмен өзіндік айырмашылықтары бар. ***Құзыреттіліктің білімнен айырмашылығы ақпарат ретінде ғана емес, іс-әрекет түрінде болуында. Ал, біліктен айырмашылығы – құзырет қандайда бір міндеттерді шешуде пайдаланылады (іс-әрекеттің түрлі объектілеріне ауысады). Құзыреттіліктің дағдыдан айырмашылығы – үйренішті ғана емес күтпеген жағдайларда адамның саналы іс-әрекет жасауға мүмкіндік беруінде.*** Білім, білік және дағдының құзыреттіліктен бөлек қалыптасуының дәлелдігі айқын емес, бірақ олар өзін-өзі мақсатты түрде, жетістікке (құзыреттілікке) жету құралы ретінде маңызды.

Елбасының Жолдауында адамның өмір бойы білім алуына жағдай туғызуымыз керек деуі, яғни білім мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай

отырып, жас ұрпақтың бойында өзіндік бағдарын айқындауға мүмкіндік беретін, табысты өмір сүруге жол ашатын құзыреттілікке жеткізетін *түйінді құзыреттіліктерді* қалыптастыру қажет екендігін айғақтайды.

Психология ғылымында «құзыреттілік» ұғымына қатысты нақты түсініктер қалыптасқан. Сонымен қатар бұл ұғым іс-әрекетті жүзеге асыруда білім, білік, дағдыны қамтиды (А.Н.Журавльев, Н.Ф.Талызина, Р.К.Шакурова және т.б.). Олай болса психология ғылымында «құзыреттілік» танымдық, пәндік-практикалық және жеке өзіндік тәжірибелер жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Жас ерекшелігіне қарай балалардың құзыреттілігі өткен кезеңдегі психикалық деңгейіне, мәдени-тарихи, этникалық және әлеуметтік-экономикалық формалардың әсер ету дәрежесіне тікелей байланысты болады. Осылайша бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшелігі коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мүмкіндігімен анықталады.

12 жылдық оқыту мерзімінен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті жалпы орта білім беру стандартының мазмұны әр оқушының жеке ерекшелігіне қарай білім нәтижесі түріндегі құзыреттер жиынтығын игеруге бағдарланып белгіленген. Онда білім беруден күтілетін нәтиже проблеманың шешімін табу, ақпараттық және коммуникативтік деп аталатын негізгі құзыреттер түрінде берілген. Бұл нәтижелер жиынтығы оқушының оқу-танымдық әрекетіндегі өзіндік қызметін анықтауына, өзінің бағдары мен өз іс-әрекетіне баға беруіне, іс-әрекет нәтижесін өзгемен салыстыруға мүмкіндік туғызады. Соның ішінде бүгінгі өскелең қоғамда коммуникативтік құзыреттіліктермен терең қаруланған ұрпақ тәрбиелеу алдыңғы қатарлы мақсаттардың бірі болып отыр.

Коммуникативтік құзыреттілік алғаш рет әлеуметтік психологияда қолданылып, ішкі қоры (білім, білік) негізінде басқа адамдармен байланысты құру және қолдау қабілеті.

Психологиялық, педагогикалық әдебиеттерде «коммуникативтік құзыреттілік» терминінен басқа да «коммуникативтік дайындық», «қарым-қатынас құзыреті», «коммуникативтік қабілет», «тұлғаның коммуникативтік әрекеті», «мәдениет» деген сияқты терминдер көптеп қолданылып келді. Бір қарағанда бұл терминдер белгілі бір жағдайда ғана қолданылатын синонимдес сөздер сияқты болып көрінуі мүмкін. Ал ғылыми тұрғыдан анықтасақ олардың мағыналық ара-жігі ашылады. Сөйлеу әрекетін жүзеге асыратын – тіл де, оның іске асуына жағдай жасайтын коммуникация. «Коммуникативтік» терминіне қатысты зерттеу еңбектердің қай-қайсысында да оның қарым-қатынас құралы, сөйлесуге байланысты қасиеті баса айтылады.

Коммуникативтік құзыреттілік тұлғаның оқу-танымдық, кәсіби және мәдени-танымдық қызметтің өзекті салаларында сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгеруге байланысты іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді. Қазіргі жылдам дамып отырған дүние жағдайларында оқушыларды сөйлегенде сөзі терең, қыруар ойды өткір, қиялды тереңнен тартып, ұғымды, әсерлі етіп

сөйлей алатын кез-келген ортада қарым- қатынасты орната алатын құзыретті тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша коммуникативтік құзыреттілік:

- нақты өмірлік жағдайларда өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға;

- стиль мен жанрды қатысымдық міндеттердің барабар шешімдерін таңдауға және қолдануға;

- әдеп нормасына сәйкес өзіндік пікірін білдіруге ;

- өнімді өзара іс-қимылды, оның ішінде басқа да көзқарас пен бағыттарды ұстанатын басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас диалогына түсе отырып, жанжалдық ахуалды шешуді жүзеге асыруға;

- жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі позициядағы адамдармен топта қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді, -деп коммуникативтік құзыреттіліктің маңызына ерекше тоқталады.

Бастауыш сынып оқушыларын сөйлеу әрекетіне үйрету және оны дамыту ең алдымен оқыту үдерісінде тілдің орфоэпиялық, лексикалық, грамматикалық білім нормаларын игертуге байланысты. Екіншіден, сөйлеу біліктілігі мен дағдылары сөйлеу әрекетіндегі оқу, тыңдау, айту, жазуға байланысты. Сондықтан қатысымдылық біліктілік пен дағды сөйлеу қарым-қатынасының түрткісіне (мотивіне), мақсат-міндеттеріне орай жүргізіліп, әлеуметтік нормалар, тіл мәдениетінің негізінде ұйымдастырылады.

Бастауыш мектеп мұғалімдері тілдерді меңгертуде оқушының сөзі ойының өткір құралы бола алатындай дәрежеде игертуі керек. Оқушы бойына коммуникативтік білім, біліктілік, дағдыларды қалыптастыру керек. Сондықтан, оқу - тәрбие үдерісіндегі мақсат мұғалімнің іс-әрекет нәтижесіне қарай қойылуы тиімсіз, оқытушы үйренушінің өзіне мақсат қоюына үйреткені дұрыс. Тілдік қатынас ойлау мен сөйлеудің бірлігінен тұрады. Өйткені тіл ойдың көрінісі, адам өз ойын тіл арқылы сөйлеу әрекетімен жеткізеді. Олай болса, бастауыш сынып оқушысының бойына коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін мынадай біліктілікті меңгерту қажет:

- кез келген ортада өзіне қойылған және бөгде біреуге қойылған сұрақтарға сауатты жауап беруге даяр тұруы;

- қарым-қатынаста сөз байлығын кеңінен қолдана алу, оның ішінде көркемдегіш, бейнелеуіш сөздерді қолдана алу;

- айтылған ойды ары қарай жалғастырып айта білуге төселу;

- кез келген тұлғааралық қарым-қатынасты сынап білу және бағалау;

- тұлғааралық конфликт орнаған жағдайда дұрыс шешім қабылдап, әңгімелесушімен шебер тіл табыса білу икемділігі т.б;

Сонымен қатар тілдің стилистикалық, синтаксистік, морфологиялық, лексикалық нормаларын жетік меңгеру тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға негіз болады.

II Оқу тапсырмалары – оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту құралы ретінде

Жаңа 12 жылдық білім беру жүйесіндегі білім нәтижесі ретіндегі коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі оқушының оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың ұтымды жолдарын іздестіруді көздейді. Ол оқушылардың психологиялық және жеке ерекшеліктеріне қарай педагогикалық тұрғыда негіздеуді қажет етеді. Оқу іс-әрекетінің басқа әрекеттерден ерекшелігі: оқу материалдары мен оқу тапсырмаларын меңгеруге бағытталуы; әрекет және ғылыми ұғымның жалпы амалдарын меңгеруі; тапсырмаларды шешудің алдын алатын жалпы әрекеттері; адам – оқушының өзгерісіне әкелетін оқу іс-әрекеті; өзінің әрекетінің нәтижесіне сыни көзқараспен қарауға дағдыландыруды көздеуінде. Д.Б.Элконин, В.В.Давыдов және т.б. оқу іс-әрекеті тұжырымдамаларында оқу әрекетінің құрылымын қажеттілік, түрткі, оқу тапсырмалары, оқу әрекеттері, бақылау және бағалау құрайды. Г.П.Щедровицкий сегіз компоненттен тұратын құрылымды ұсынады: мақсат, міндет, бастапқы материал, құрал, әдіс, үдеріс, процедура, өнім. Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінің белгілі құрылымы мыналар:

1. Қажеттілік, мотив.
2. Оқу тапсырмалары.
3. Оқу әрекеттері (баланың қолданатын нақтылы практикалық және ой тәсіл - амалдары).
4. Бақылау (оқушылардың өзін-өзі қадағалап, тексеріп отыруы).
5. Бағалау (мұғалімнің және оқушының өзіне-өзі берген бағасы).

Қажеттілік – белгілі күштің ықпалымен, субъектінің ортаға және ортаның субъектіге қоятын талабына байланысты жүзеге асатын кез келген әрекеттің бастапқы бөлігі болып табылады. Қажеттіліктің объектілік мазмұны түрткіде көрініс табады. В.Апельттің көзқарасынша, оқу түрткісін тілге байланысты мынадай түрлерге жіктеген: арнаулы, танымдық, коммуникативтік, өзін-өзі жүзеге асыратын, ата-ана мен мұғалімнің оқушыға қатынасы арқылы көрінеді.

Оқу тапсырмалары оқу мақсатымен тығыз байланысып, мақсатты болжаудың негізінде оқыту мақсатына жетудің құралы ретінде көрінеді. В.С.Аванесовтің пікірінше, оқу тапсырмалары – жоспарланған нәтижелерді оқушыларға меңгертуге бағытталған педагогикалық форма. Әрбір тапсырма белгілі бір мақсат үшін құрылған, сондықтан оның өзіндік миссиясы мен өзінің сипаттамасы бар деп дұрыс атап өтілген. Тапсырманың басты миссиясы – оқушыларды белсенді түрде өздігімен білім алу іс-әрекетіне баулу, оларды дамыту, құзыреттіліктің талап етілген деңгейіне қажетті білім, білік және дағдыларды игерту. Тапсырмалардың негізгі түрлері – есеп, сұрақ, жаттығу, шығармашылық тапсырма, тест формасындағы тапсырма, тест тапсырмасы, оқу проблемасы және т.б. Тапсырмалар сұрақтарға, тест формасындағы тапсырмаларға, жаттығуларға және т.б. қарағанда жалпы

ұғым ретінде қарастырылады. Олардың бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда әртүрлі мүмкіндіктері бар және әртүрлі дидактикалық нәтижелерге алып келіп, бірігіп жүйе құрайды. Оқу іс-әрекетінің келесі құрамы оқу тапсырмаларын шешудегі оқу әрекеттері болып табылады. Оқу іс-әрекеті адамның қоғамдық-тарихи тәжірибені мақсатты түрде иемденуіне мүмкіндік беретін және соның негізінде сыртқы және ішкі гностикалық әрекеттердің жеке тәжірибесін қалыптастыратын ерекше әрекеттер жиынтығынан тұратындығын түсінеміз. Оқытудағы мәтіндік тапсырмаларды шешу жағдайында мәтіндік тапсырмалар бойынша арнайы білімдері негізінде тапсырманы шешу біліктілігінің қажетті деңгейін меңгеруін қамтамасыз ететін әрекеттерді орындайды. Оқушыларды оқытып қана қоймай, олардың әрекетіне сай тапсырмаларды таңдай білу мұғалімнің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Іс-әрекеттің келесі құрамы болып тұжырымдамада қарастырылған оқу тапсырмаларын шешудегі оқу әрекеттері болып табылады.

Психологтардың пікірінше, оқушының оқу іс-әрекетінің субъектісі болып қалыптасуы олардың өзіндік бақылау мен өзіндік бағалауды меңгеру дәрежесімен анықталады. Бақылау мен бағалау әрекеттің барлық түрінде сол әрекетті бақылау мен бағалаудың нәтижесін білдіреді. Оқу іс-әрекетінің ерекшелігіне талдау жасау, бақылау пәні оқушының өзінде болатын өзгерісті және оларды жинақтау жолын нақтылауға мүмкіндік береді. Оқу іс-әрекетін бақылау оқу тапсырмаларындағы мәтіндік тапсырмаларды шешудегі оқушының оқу тапсырмаларын шешу біліктілігін меңгеру сапасы болып табылады. Оқу іс-әрекетін қалыптастыру дегеніміз оқушылардың мұғалімнің басқаруынсыз мақсатқа бағытталған оқу мазмұнын және өзіндік оқу іс-әрекет тәсілдерін меңгеруге толығымен көшуін білдіреді. Оқу іс-әрекетін қалыптастыру оқушылардың оқу әрекетінің біртұтас актілері – оқу мақсатын түсіну мен қабылдаудан бастап тапсырмалар негізінде бақылау мен бағалау дәрежесіне жетуді орындау арқылы жүзеге асады. Бастапқыда мұның үлкен бөлігі мұғалімнің басшылығымен, содан кейін көбінесе оқушылардың өз бетінше орындалады. Сондықтан оқушының коммуникативтік құзыреттілігінің алғашқы қадамы өз іс-әрекетін және қарым-қатынасын реттеуге басшылық жасай білуінен байқалады. Олай болса баланың өзі атқарып отырған әрекеті, ендеше ақпарат алу, яғни әңгімеге тарту оның ақыл-ойының одан әрі дамуына кепіл бола алады.

Оқу іс-әрекетінде қолданылған тапсырмалар жазбаша қатынас (қарапайым және күрделі құрылымдағы жазбаша байланыс формаларын меңгеру, ақпаратты жазбаша өңдеу, мәтінді жазбаша баяндау, жазбаша құжат жанрларын игеру т.б.); көпшілік алдында сөз сөйлеу (баяндама, хабарлама дайындау, оны жеткізуде шешендік, қисындық тәсілдерді, көрнекі материалдарды пайдалануы т.б.); диалогқа түсу (әңгімені нормалық ережелерге сәйкес бастап, аяқтау, ақпараттың негізгі мазмұнын қабылдау, диалогты мақсатқа сай жалғастыру үшін сұрақтар қою, сұрақтарға жауап беру т.б.); өнімді топтық қатынас орнату (топтық талқы, пікірталасқа қатысу, шиеленісті болғызбау, шешу немесе шиеленістен шығу ережелерін меңгеру,

топтық жұмысты орындау аясында өз міндетін жауапкершілікпен атқару т.б.) ие болады деп тұжырымдаймыз. Оның оқу іс-әрекеті оқу материалының авторымен іштей диалог түріне ие болып, оның нәтижесіне талдау жасағанда сыныпта әрбір қатысушы оқу тапсырмасын түсінгені және оны шешу тәсілдері жөнінде өз ұсыныстары мен түзетулерін енгізуде пікірталасқа ұласады. Бұл үшін оқу материалдарын меңгерудің кезеңдері мен деңгейлерін ескере отырып, оқушылар үшін әртүрлі қиындық деңгейіндегі тапсырмалар құрастырылады және әрбір деңгейдегі оқушылардың оқу жетістіктерін сүзгіден өткізу үшін жағдай жасалады. Меңгерудің әрбір деңгейіне жету оқушылардан белгілі бір ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру және т.б.) орындауды көздейді, сондықтан әрбір тапсырманың мазмұны деңгейлік саралауға тәуелді болады.

Меңгерудің үшінші деңгейінде әр түрлі формадағы тапсырмалардан құралған құрастырмалы тапсырмаларды шығармашылық тапсырмалар ретінде пайдалануға болады. Мысалы, жағдаяттық тапсырма және оған қоса тест формасындағы тапсырма. Шығармашылыққа құрылған тапсырмаларды орындау көптеген жағдайларға байланысты көп уақытты қажет ететіндіктен, мұндай тапсырмаларды үйде орындауға беру орынды. Бұл әрбір оқушыға өзінің мүмкіндіктеріне қарай өзіне қолайлы уақытта берілген тапсырманы орындауына мүмкіндік береді. Шығармашылық тапсырмаларды орындау мерзімін сынып оқушыларының дайындықтарының деңгейіне, олардың жүктемесіне сәйкес мұғалім өзі реттейді. Тапсырмаларды дайындауда М.Ж.Жадрианың пікіріне сүйенуге болады. Оқушылардың оқу жетістіктерін өлшеу үшін тапсырмалар жүйесін жобалаудың алдында оқу жоспарында көрсетілген оқу курсы мен меңгертуге (әрбір тақырыпқа) берілген пәннің ғылыми негіздерін оқытып-үйретудегі оның күрделілігі мен рөліне қарай бөлінген сағат саны анықталады.

Елбасының Жолдауында адамның өмір бойы білім алуына жағдай туғызуымыз керек деуі, яғни білім мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, жас ұрпақтың бойында өзіндік бағдарын айқындауға мүмкіндік беретін, табысты өмір сүруге жол ашатын құзыреттілікке жеткізетін шешуші құзыреттіліктерді қалыптастыру қажет екендігін айғақтайды. Өз бетінше зерделеуді оқушының басты іс-әрекеті ретіндегі рөлін өзектілендіру жағдайында құзыреттілікке бағдарланған тапсырмалардың маңызы арта түседі. Тапсырмалардың кейбір түрлері оқушылардың оқу жетістіктерін анықтау әдістерінің бір бөлігі де болуы мүмкін. Осындай әдістерді жобалау және құру оқу үдерісін ұйымдастырудың және басқарудың негізгі буыны болып табылады.

Оқу іс-әрекетінің ең басты компоненті – оқу әрекетіндегі оқу тапсырмаларын шешудің амалы. Коммуникативті әрекеттерге өзінің ойын айту, қарым-қатынас кезінде серіктесіне вербалды ықпал етуі, көпшілік алдында сөйлей алуы, жазбаша қарым-қатынас құралын пайдалануы, сұрақ қою және пікірталасқа түсу тәрізді әрекеттерден тұрады. Т.Леорова дескриптік (сипаттамалық), директивтік (қозғаушы), когнитивтік (тілдік ойлау), кооперативтік және экспрессивтік (мадақтау, талдау және т.б.). Оқу іс-

әрекетіндегі ең басты компоненттің бірі – бақылау және бағалау. Бақылау – мақсатты жүзеге асыруды тексеру үдерісі, ал баға түрткіні жүзеге асыруды тексеру.

Бастауыш сынып оқушысының оқу әрекетіндегі өзін-өзі басқару мен басқаруды ұйымдастыру, оқыту үдерісін модельдеудің психологиялық-педагогикалық және дидактикалық мәселелері бойынша бірқатар ғалымдардың еңбектерінде (Ю.К.Бабанский, А.А.Вербицкий, Ю.Н.Кулюткин, М.И.Махмутов, В.Сериков, Г.С.Сухобская, Т.И.Шамова, И.С.Якиманская, И.П.Подласый т.б.) жан-жақты талқыланып келеді. Оқушының білім алу үдерісіндегі өзіндік пікірі мен ой-жүйесінің негізі бастауыш деңгейде қаланатыны белгілі. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескеруге баса назар аударылады

Г.А.Цукерман бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетіне араласуына байланысты төрт топқа бөлінеді: топты жарып шығатын, топты жарып шығуға қоры бар, еңбексүйгіш және өзін көрсете алмайтындар. Топты жарып шығатындар – оқу іс-әрекетінің белсенді субъектісі, бұл балаларда жаңа оқу тапсырмасы қойылатын, шешімін шығаруға көшбасшы болатын сабақтарда байқалады. Олар өздерінің пікірлерін алмастырады, барлық мүмкін болжамдарын ұсынады және тексереді. Олар жаңа шешім табуда пікір таласып, ұсыныстар айтып, оны тексереді. Келесі топ өткірлікке қоры бар топта қызығушылығы жоғары және оқуға берілгендігі басым болып келуімен ерекшеленеді. Еңбексүйгіштік тобындағы оқушылар оқу тапсырмаларын қою және оның амалдарын табу кезінде емес, табылған әдістерге жаттығуда қалыптасады.

Коммуникативтік құзыреттілік тұлғалық өзара қарым-қатынастың белгілі бір жағдаяттар ортасында тиімді арақатынас құруға қажетті ішкі ресурстар жүйесі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты А.М.Новиковтың пікірі көкейкесті болып табылады: «... оқушылардың жеке тұлғасының жан-жақты дамуын олардың зияткерлік дамуы мен денесінің жетілуі, шығармашылық қабілеттерінің дамуы ғана деп түсіну жеткіліксіз. Бұл сайып келгенде, адамның белсенді өмір ұстанымын, біліктілігін, «әрекеттілігін» қалыптастыру болуы тиіс». Бастауыш білім беруде негізге алынатын құжаттарда анықталғанындай, коммуникативтік құзыреттілік қалыптастырудың кілті ретінде, тұлғаның белсенді әлеуметтенуіндегі мәселе шешуші ретінде, жеткілікті дәрежеде дамуын қамтамасыз ететін адамның коммуникативтік білігі мен дағдылары жатады. Осылайша, бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінің бөлшегі ретінде оқу тапсырмаларды қолдану – коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құралы ретінде пайдалану мүмкіндігін анықтайды.

III Коммуникативтік тапсырмалардың педагогикалық құрал ретіндегі мәні

Қазіргі білім беру мен оқыту балалар өмірінде үлкен маңызға ие. Оқи білу қабілеті қарым-қатынас жасай білу қабілеті секілді қажеттілігі күннен күнге арта түсіп, соның арқасында адам өзінің тұлғалық мәнін көрсетіп, оның өзіндік жекелігі, көзқарасы, көз жетушілігі, сана сезімін қалыптастырады. Шығармашылық, бейімделе білу, бір нәрсені білуге деген құштарлық қабілеттер – бұл тілді меңгеру құндылығының қажеттілікпен тең дәрежеде болуын білдіреді. Сондай – ақ, мектеп – бұл білім алудың жалғыз ғана орны емес. Бұқаралық ақпараттар мен ақпарат құралдары қазіргі жаңа білімнің қайнар көзін құрап, оған оны түсініп, меңгере алатындар ғана қолжеткізеді. Сондықтан, қоғамның қазіргі даму кезеңін коммуникативті-ақпараттық деп аталуда. Бүгінгі қоғам бейімделуге және ықпалдасуға қабілетті, кездескен қиындықтарды өз бетінше шеше алатын, топта бірлесіп жұмыс істей алатын, тәуелсіз, коммуникабельді, дамудың жоғары деңгейін меңгерген жас ұрпақты талап етеді.

Адамның қарым-қатынас жасай білу біліктілігі оның қоршаған ортамен нәтижелі байланысқа түсуін қамтамасыз етеді. Мұнымен қатар бұл жердегі мәселе бастауыш сынып кезеңіне сай қолданылатын, оқыту үдерісіне оларды меңгерудің құралы ретінде қызмет ететін, баланың коммуникативтік біліктілігі мен құралдары жайлы болуы керек.

Бастауыш сыныптарда баланы оқыту тәжірибиесі көрсетіп отырғандай, бастауыш сынып оқушыларының мұғаліммен, сыныптастарымен объективті және субъективті себептерде олардың қиындық салмақтарын көруге болады. К.Фопель «...қазіргі балалар бір-бірімен, сондай – ақ, ата-аналарымен де аз қарым-қатынас жасайды», деп өзінің пікір айқын білдірген. Отбасы мүшелері өздерінің бос уақыттарын телебағдарламалар мен видеофильмдерді көруге, сондай ақ компьютер арқылы түрлі ойындарды ойнауға арнайды.

Бастауыш сынып оқушыларын қарым-қатынас жасау үдерісін меңгерту үшін қандай тапсырмаларды шешуді үйренуі тиіс? Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде тапсырма деп нені түсіндіреді? Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас жасау біліктілігін дамытуда коммуникативтік тапсырмалардың ролі қандай? Оқыту үдерісінде коммуникативтік тапсырмаларды қолданудың мүмкіндіктері, қағидалары мен оны өңдеу тәсілдері нені білдіреді? деген бірізді заңды сауалдарға жауап іздеуді талап етеді.

Алдымен «тапсырма» ұғымын психологиялық және педагогикалық дерек көздерінен қарастырудан бастайық. Тапсырма ұғымы тек шектеулі көлемде ғана: ғылыми (математикалық, физикалық және т.б.) тапсырмалар, білім беру тапсырмалары, саяси, техникалық тапсырмалар ретінде ғана қолданылды. Г.А.Валитованың айтуынша тапсырма оқытудың қарапайым бөлшегі ретінде танылып, мынадай: мақсат, мазмұн, құрал, шешу әдістері секілді белгілерге ие. Ғылыми әдебиеттерге талдау жасау барысында, тапсырманы жіктеу жөнінде біржақты пікірдің жоқ екендігін нақты көз жеткіздік деп айтатын

болсақ, онда бұл мәселені (кең психологиялық түсінікте) біздің зерттеу мақсатымызға еңбейтін ескере отырып, бұл сұрақты тек осы жұмысқа қатысты аспектілеріне ғана тоқталамыз.

Ғалымдар: Г.А.Баллдың құрылымдауы бойынша – *ойлау тапсырмалары*, И.Я.Лернердің – *танымдық тапсырмалары*, А.М.Матюшкиннің және М.И.Махмутовтың түсіндірмесі бойынша – *интеллектуалдық тапсырмалар* секілді тапсырмалар түрлерін бөліп көрсетті. Психолог Я.А.Пономарев «...Жағдаят тапсырма секілді қажеттіліктің жиынтығы және оны қанағаттандырудағы мәлімет болып табылады. Бұл мәліметтер оған қол жеткізудегі мақсаттар мен мүмкіндіктерден құралады» деп түсіндіреді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі анықтамаларды қамту барысында және психологиялық түсініктемелерде «тапсырма» ұғымы, мақсат пен мүмкіндікті анықтап алу тапсырманың жетекші құрастырушы деген қорытынды жасауға болады. П.Я.Гальперин «Тапсырма – нақты жағдайдағы әрекет мақсаты, ол белгілі бір тәртіпке сәйкес осы мүмкіндіктерді қайта жасауда қол жеткізуге тиіс мәлімет» деген анықтама береді. С.Л.Рубинштейннің пікірі бойынша тапсырманы «мақсаттың мүмкіндіктермен қатынасы» деп анықтаған. Ал А.М.Матюшкин тапсырманы түсіндіру үшін «тәсіл» ұғымын пайдаланып: «Тапсырма – бір адамның екінші адамға (немесе өзіне өзі) тапсырманы ұсынудағы, мақсатқа және оған жетудегі нұсқауды қамтитын таңбалық тәсіл» деген анықтама берген.

Көпшілік психологтар тапсырманы бір жағынан интеллектіні қалыптастырудың ең тиімді құралы ретінде, ал екінші жағынан – интеллектуалдық әрекеттің көптеген түрлері мен қабілеттерге психодиагностика ретінде қолданған.

Біздерді «тапсырма» ұғымының бастауыш мектеп оқушысына қатысты қалай қолдануға болатындығы, сондай-ақ, оның оқу әрекеті контекстінде қарастыру қажеттілігі қызығушылық тудырады. Ол үшін оқыту үдерісіндегі тапсырма деп нені түсінуге болатындығын ұғыну қажет.

Бастауыш мектеп кезеңіндегі балалардың психологиясы мен олардың оқу әрекеті, оның құрылымы, қалыптастыру заңдылықтары және бастауыш мектеп оқушыларының психикалық дамуымен байланыстары анықталып, зерттеу мақсатында оның негізгі әдісі ретінде тек оқушылардың оқу әрекетін қалыптастырудың белсенді әдістері болуы мүмкін деген тұжырым жасауға болады.

Д.Б.Элконин және тағы басқа ғалымдар оқу тапсырмасын оқу әрекетінің негізгі бөлігі ретінде бөліп көрсете білді. Д.Б.Элконин оқу тапсырмасы деп «оқушылардан оқу әрекетінің барлық негізгі тәсілін анықтап және оны меңгеруді, кең ауқымды мәселелер мен нақты-тәжірибиеге қатысты тапсырмаларды шешуді талап ететін тапсырма» деген анықтама берді. Ал, тапсырманы қою – дегеніміз оны шешуде оқушылардың барлық жеке және нақты мүмкіндік нұсқалардағы тәсілдердің мазмұнына толықтай бағдарлануын талап ететін жағдаятпен таныстыру. В.В.Давыдов оқу тапсырмасын – оқушылардың оқу әрекетіне мақсат қоюы және сол мақсатқа жету үшін белгілі бір мүмкіндіктерді орындап, қабылдай білу деп дәлелдейді.

Сондықтан, оқыту үдерісінде қойылған мақсатқа жетуге бағытталған оқу тапсырмасын, көбінесе мұғалімнің дайындаған оқу мәселесімен бір мағынада қарастырады.

Оқу әрекетінің негізгі құрылымдық элементтері болып оқу тапсырмалары, сол сияқты белгілі қарама-қайшылықтан шығу, таныс ұғымдар мен тәсілдердің пайда болған кемшілігін іздеу мәселесі ретінде көрінеді. Біз зерттеу жұмысымызда Д.Б.Элконин ұсынған оқу әрекеті тұжырымдамасын қамту барысында, практикалық тапсырмалар мен оқу тапсырмаларын бөліп қарастырамыз. Практикалық тапсырманың ерекшелігі, оны шешу кезінде кейбір пәндерді үйренуде оған өзгеріс енгізу үшін, субъектінің әрекеті оның әрекетінің объектісі болып табылады. Мұндай шешімнің нәтижесі объектіге кейбір өзгеріс енгізуінен көрінеді. Сол секілді оқу тапсырмаларын шешуде оқушылар өз әрекеттері арқылы объектілерге немесе олар жайлы түсінікке өзгеріс енгізіп, оны қайта жасау нәтижесінде - әрекет етуші субъектінің өзіндік өзгерісінен көрінеді. Оқу тапсырмасын субъектіде алдын-ала тапсырылған өзгерістер болғанда ғана шешілді деп есептеуге болады. Бұл мәліметті схема түрінде былайша бейнелеуге болады:

Практикалық тапсырма → шешім → объектідегі өзгеріс

Оқу тапсырмасы → шешім → субъектідегі өзгеріс

Схема 1. Практикалық және оқу тапсырмасының шешімінің нәтижесі

Субъектінің пәндік әрекетіндегі өзгеріс үдерістен бөлек, субъектінің өзінде ешқандай өзгерістің болуы мүмкін емес дегенді назарға ала отырып, оқыту әрекеті – бұл пәнге өзгеріс әкелетін, міндетті пәндік әрекет деген нақты қорытындыны жасауымызға болады. Дегенмен оның пән бойынша жүзеге асыратын мақсаты мен нәтижесі өзгеріс емес, алдын ала тапсырылған субъектінің өзіндегі өзгерісті білдіреді.

Бұл талдаудан «субъект» ұғымының мәнін қарастырмай, толық деп айта алмаймыз. Д.Б.Элконин, В.В.Давыдов, Т.С.Савочкиндердің оқу әрекеті жөніндегі тұжырымдамасын баяндауда келесідей түсіндірмеге сүйенеді.

Субъект – 1) психология мен философияның іргелі категориясы;

2) әлемді заттық бейнелеу негізінде сана мен ерікке ие, мақсатқа сай әрекет ете алатын тірі ағза; қоршаған әлемді танып және қайта өзгерте алатын адам. Біз өз зерттеуімізде Д.Б.Элкониннің балалардың психикалық дамуы, меңгеру түрінде жүреді деген көзқарасын қолдаймыз. Мектептегі оқытуға көшуді меңгеру үдерісі мазмұнға түбегейлі өзгеріс енгізуді белгілейді. Меңгеру – оқу әрекеті деген жаңа түрді иемденеді. Оқуды меңгеру объектісі – субъектінің әрекетіндегі пәндер немесе олардың шынайы қасиеттерін емес, осы пәндерді өзгертудің тәсілдері болып табылады. Оқу тапсырмаларын шешу – оқушының әрекет тәсілдерін игеру мен меңгеруге бағытталады.

Оқушылардың оқу әрекетін өз бетімен таңдауы, оқу тапсырмаларының мазмұнымен сәйкес болады. Оқу тапсырмаларының қызметі алдымен сол

немесе басқа да пәндерге тиісті объектілер арасындағы байланыстардың барлық ерекшеліктерін білдіреді.

Шешу тәсілдері мен құралдары дегеніміз – тапсырманы шешу барысында қолдануға тиісті қағидалар жөніндегі нұсқаулар мен теориялық ержелер.

Бірқатар зерттеушілер (Д.Б.Элконин, В.В.Давыдов, А.К.Маркова және т.б.) оқу тапсырмасын оқу әрекетінің негізгі құрамы екендігін өз зерттеулерінде дәлелдеген. Біз қарастырып отырған негізгі ұғым - «коммуникативтік тапсырма» болып табылады. В.В.Дображанскийдің пікірі бойынша коммуникативтік тапсырма көптеген оқу тапсырмаларының бірі ретінде, оның барлық сипаттамасын бейнелейді. Коммуникативтік тапсырманы оқушы белгілі бір жағдаяттарда саналы түрде қолданғанда жеке мәнге ие болып, белсенді қарым-қатынасқа ынтасын арттырып және оның қарым-қатынас жасай білу біліктілігін дамытатын әрекет мақсаты ретінде қабылдауы мүмкін. Бұл коммуникативтік тапсырмалар педагогикалық мүмкіндіктердің бірі болып табылады. Зерттеу шеңберінде коммуникативтік тапсырма ұғымының психо-педагогикалық ерекшелігін қарастыруды талап етеді. «Коммуникативтік тапсырма» ұғымын қарым-қатынас психологиясында алғашқылардың бірі болып А.А.Леонтьев қолданып, оны «танымдық тапсырма» ұғымынан айырмашылығын салыстырмалы қарастырған. «Коммуникативтік тапсырма» мен «тілдік тапсырма» ұғымдары ХХ ғасырдың 1980-жылдары кең түсінікке ие болып, шет елдік және ресейлік зерттеулерде түрлі түсініктемелер берілді. Сонымен қатар М.И.Лисина «коммуникативтік тапсырма» ұғымымен қатар «қарым-қатынас тапсырмалары», Г.А.Китайгорский «коммуникативтік тапсырма», А.К.Маркова «коммуникативтік мақсат» ұғымдары да қолданысқа ие болды. Терминологияда сол құбылысқа байланысты бір мағынылылық пен реттіліктің жоқтығы салдарынан оқыту үдерісінде түрлі ұғымдар қолданылып, бұл бір жағынан қарастырып отырған ұғым жөнінде бірыңғай түсінік қалыптастыруға кедергі жасап, нәтижесінде ғылыми түсіндірме мен практикалық қолданыста ілгерілеуге кедергісін тигізеді. Ал, екінші жағынан зерттеушіге қарастырып отырған мәселеге қажетті аспектілерін анықтауға көмектеседі.

Коммуникативтік тапсырма ұғымын педагогика мен психология тарапынан қарастыруда, бұл құбылыстың бастауыш сыныптарды оқыту әдістемесіндегі орнын ескермеу мүмкін емес. Шындығында, неліктен бастауыш сыныптарды оқыту әдістемесінде коммуникативтік тапсырма негізгі ұғым болып табылады деген сұрақ туындайды? Бұл сұраққа былайша жауап беруге болады. Бастауыш сыныптардағы оқыту – бұл білім берудің алғашы негізін қалайды. Екіншіден, бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндер олардың коммуникативтік құзыретілігін қалыптастыруда жетекші маңызға ие. Зерттеушілер (А.А.Артюнов, И.Л.Блим, М.Н.Вятютнев, И.Я.Зимняя, Т.Ю.Тамбовкина) бастауыш сыныптарда коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда коммуникативтік тапсырмаларды шешу мен оларды қоя білуден деп есептейді. М.Н.Вятютнев «... коммуникативтік

құзыреттілікті меңгеру – бұл қарым-қатынас жағдайында коммуникативтік тапсырмаларды шешудің үздіксіз үдерісі» деп ерекше атап өткен.

Бастауыш сыныптарды оқыту әдістемесінде коммуникативтік тапсырма тұғырының негізіне С.Л.Рубинштейн мен А.Н.Леонтьевтің психологиялық түсіндірмесі басшылыққа алынған. Т.Ю.Тамбовкинаның түсіндірмесінде әдістемедегі коммуникативтік тапсырма ең алдымен оқушылардың тілдік әрекетке деген қажеттілігін оятып, соған сәйкес түрткісін дамыту, тілдік ойлауға ынталандыру, жаңаша және жалпы білімдік білімдерді игеруге себепші болу, тілдік құралдар мен лингвистикалық білімдерді өзектендіруге бағытталады. Бұл оның проблемалық тапсырмалардан айырмашылығын білдіреді. Дидактиктердің түсіндірмесі бойынша проблемалық тапсырмалар, «табиғат пен қоғам жөніндегі жаңа білімдерді алуға, мақсатқа жету немесе білімді іздеудің жаңа құралдарын жасауға» бағытталады.

Сөйлеуші әрқашан өзінің пікірі арқылы қандай да бір мақсатқа қол жеткізгісі келгенде: әңгімелесушіні сендіру немесе өзінің пікірі қате екендігіне көз жеткізу, көңіл білдіру немесе ашуландыру, оның пікіріне қолдау көрсету немесе келеке ету және т.б. фактының дәлелділігін көрсетеді. Осы тәрізді мақсаттарды Е.И.Пассов коммуникативтік тапсырмалар деп атайды. Оның пікірі бойынша олардың шешімі сөйлеудің мақсатқа бағыттылығына қызмет етіп, қарым-қатынаста алдына қойылған міндеттерін орындауда оның барлық сапаларының өзара байланыстылығын білдіреді.

Е.И.Мотина, Е.Е.Жуковский, Г.А.Золотова, Э.Н.Леоновалардың пікірі бойынша коммуникативтік тапсырмаларда психологиялық аспект жетекші болып табылады.

Коммуникативтік тапсырмалардың **психологиялық аспектінде** қарым-қатынасқа қатысын сөйлеушінің коммуникативтік мақсатымен (ниетімен) тығыз байланыстылығын атап кетуге болады. Психологтардың пікірінше сөйлеу нәтижесінің мотивациялық – себептік деңгейі өзіндік түрткі мен коммуникациялық ниеттің «барысымен» бірге, сөйлеушінің ролін анықтап, қарым-қатынасқа қатысушы ретінде және оның пікірінің нақты мақсатын білдіреді. Коммуникативтік тапсырма коммуникативтік ниетті құру негізінде пайда болып және тілдік сөйлеу нәтижесінің сатылық үдерісінде қалыптасқан сөз болып табылады. Мұның нәтижесінде коммуникативтік тапсырма сөйлеушінің коммуникативтік ниеті мен түрткісін, өзіндік пікірін мақсатты түрде жүзеге асырады деп есептеуге болады. Сонымен қатар, сөйлеушінің коммуникативтік ниетін «сөйлеуші субъектінің өзіне бағдарлап, коммуникативтік тапсырманың қарым-қатынас жағдайына сай барынша анықталған да ғана» оның әлеуметтік аспектісі пайда болады. А.А.Леонтьев коммуникативтік тапсырмаларды мәселелік жағдаяттарда қарым-қатынас жасаушы серіктесіне әсер ету мақсатын қамтитын, бағдарлану нәтижесі ретінде анықтаған.

Коммуникативтік тапсырмалардың **әлеуметтік аспектісі** сөйлеушінің қоршаған ортамен өзара байланысы мен қарым-қатынастың рольдік сипатынан көрінеді. Осылайша белгіленген рольдер осы рольдердегі оқушылардың алдынан ең жиі кездесетін әдеттегі коммуникативтік

тапсырмаларға болжам жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, дәрігер емделушінің денсаулық жағдайына алаңдаса, тұтынушыны тауардың сапасы қызықтырды, ал мұғалім оқушылардың қандайда бір бірлескен әрекеттеріне түрткі болу үшін, мәселелік жағдаяттың шешімін табуға, сыныптасының пікіріне баға беруге және т.б. шақырады. Олай болса, коммуникативтік тапсырмалар қарым-қатынас аймағымен тығыз байланыста болады. Мысалы, әлеуметтік-мәдени аймақта сөйлеу пәні ретінде оқушылардың қызығушылығының болуы, коммуникативтік тапсырмаларды бағалауда жиі қолданылып, ал оқу-еңбектік аймақта коммуникативтік тапсырмалар әрекетке түрткі болады.

Әдістемелік ғылымда қарым-қатынас мақсаты немесе коммуникативтік тапсырмалар үнемі нақты жағдаяттарда және белгілі бір тілдік әрекеттерді орындауда жүзеге асады. Тілдік әрекет тілдік құралдардың көмегімен жүзеге асатын болса, онда коммуникативтік тапсырмалардың *лингвистикалық аспектісі* дәл сол сөйлеу нәтижесінде көрінеді. Коммуникативтік тапсырмаларды мәлімет түрінде шешуде, белгілі бір тілдік шығарма, мәтін түрінде көрінеді. Бұл мәліметтер қарастырып отырған ұғымның әдістемелік аспектісін анықтауда маңызды болып есептеледі. Егер шынайы қарым-қатынас барысында, коммуникативтік тапсырманы шешуде белгілі бір қарым-қатынас жағдайында тілдік әрекет арқылы жүзеге асырылса, онда оқушылар өздерінен талап етілетін қажетті тілдік әрекеттерді орындап, олардың меңгеруі мен иемденуін басқара білуге үйренеді.

Коммуникативтік тапсырма білім нәтижесіне тікелей болжам жасауға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік тапсырманың **педагогикалық аспектісі** оқыту үдерісі мен оның қызметтерін жүзеге асыруда көрінеді:

- педагогикалық қарым-қатынас аймағында танымдық қызығушылығын арттырады;
- оқу-тәрбие үдерісінде қарым-қатынастың қажеттіліктерін тәрбиелейді;
- қарым-қатынас үдерісіне қатысты педагогикалық мақсат сәйкестілігін құру құралы ретінде қызмет етеді.

К.А.Абульханова-Славскаяның пікірі бойынша коммуникативтік тапсырма индивидті қарым-қатынасқа тартудың шынайы түрі ретінде: «ұйымдастырудың бұл формасы, оның белсенділігін шектеу мен бірмезгілде өзектендіру, оның қайта жасалуы мен анықтау түрі» ретінде көрінеді.

Коммуникативтік тапсырманың мәні. Бұл жерде «мән», «құбылыс» ұғымдарының анықтаудан бастау қажет. Философиялық түсіндірмеде «...Мән бұл сол пәнге қатысты заңдылықтардың тұтастығын, ішкі байланысын және пәннің түрлі қырларын бір жерге біріктіретін екінші бір пәннің немесе үдерістің тереңдігін (пронизывающую, өткір, ызғарлы) білдіреді. Құбылыс - бұл заттың сезімдік танымдағы түсінікті сыртқы қасиеттері мен белгілерін білдіреді. Құбылыс заттың мәнін құрайтын заңдылықтарынан көрінеді». Бұл көзқарастан мынадай қорытынды жасауға болады. Тапсырма білім берудің элементарлы торы (бөлігі) ретіндегі нысаны болғандықтан келесі **белгілерге**: мақсат, мазмұн, құралдар, шешу әдістерін

игерсе, онда коммуникативтік тапсырмалар өзіндік түрлі қырларын аша түсіп, соған сай көрсетілген белгілерді қамтуы тиіс. Оны былайша дәлелдеп көрейік.

Н.А.Менчинская коммуникативтік тапсырманы оқушылардың өздеріне белгілі бір мақсат қойып, сол немесе басқа да сұрақтарға жауап табуға, мүмкіндіктер мен талаптарды ескере отырып қалаған нәтижеге қол жеткізуге, оны шешудің тәсілдері мен шешу амалдарын табуға деген ұмтылысын білдіреді деп қорытындылайды. Бұл мазмұнға қатысты келесілерді айтуымызға болады. Олар өзіне қарым-қатынастың пәнін, тақырыптарын, мәселесін, педагогикалық жағдаяттарын және осылардың негізінде дайындалған коммуникативтік жағдаяттарды таңдап алады. Зерттеуіміздегі құралдарға келер болсақ, онда коммуникативтік тапсырмалар, педагогикалық қарым-қатынастағы педагогикалық құрал ретінде көрсетіледі. Педагогикалық қарым-қатынасты «... жағымды орта құруға бағытталған, жан-жақты дамуға әсер ететін оқу тәрбие үдерісіндегі мұғалім мен оқушының бірлескен әрекеті» ретінде түсіндіреміз. Психологиялық – педагогикалық әдебиеттерге жүргізілген талдауда, қарым- қатынасқа үйрету әдістері коммуникативтік тапсырмаларды шешудің мынадай әдістерін анықтауға мүмкіндік берді: сюжетті-рольдік ойындар, режиссерлік ойындар, ойын-викториналар, ойын-конкурстар, топтық пікірталастар, аяқталмаған ертегіні жалғастыру, ұжымдық сурет салу, жағдаятты ойнау және т.б.

Коммуникативтік тапсырмалар мәнінің тұғырын құрылымдық көзқарас негізінде белгілейміз. Ол үшін «құрылым» (лат. structura) ұғымына бір нәрсенің құрамды бөліктерінің байланысы мен өзара орналасуы деген анықтамасын келтірдік. А.О.Бурдина мен В.Е.Воладарский тапсырманың **құрылымдық компоненттерін** былайша бөліп көрсеткен: талап сипаты, бастапқы мәліметтердің құрамы, шешу тәсілдері т.б.

Коммуникативтік тапсырмаға қолайлы тәсіл практикалық біліктіліктердің жиынтығы ретінде тұлғаның коммуникативтік белсенділігінің іс-әрекеттік компоненті құрамында (мұнымен қоса мотивациялық және рефлексиялық компонентті қоса қамтушы), коммуникативтік тапсырмалардың шешімі бойынша тұлға аралық қатынастың жолдары жөніндегі жалпы білім көлемі мен практикалық біліктіліктерін сипаттайтын Т.В.Ураковтың диссертациялық зерттеуінен көруге болады. Оның түсінігінше коммуникативтік тапсырмалар – қарым-қатынастағы мұғалімнің арнайы жасаған немесе пайда болған проблемалық жағдаяттар деп анықтаған.

Т.В.Уракова бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік белсенділігінің динамикалық қалыптасуын білдіретін коммуникативтік тапсырмалардың төрт түрін бөліп көрсетеді:

1) *Коммуникативті* – *орындаушылық тапсырмалар* (бағдарлау кезеңі) – бастауыш сынып оқушыларының бірлескен әрекеті барысында тұлғааралық байланыстарында қажеттіліктерін ретке келтіру. Коммуникативтік тапсырмаларды шешу бірлескен әрекет басында педагогтың толық түсіндірмесі, содан кейін оны орындауда бірнеше рет қайталау барысында этикалық ережелер мен тәртіпті анық орындаумен негізделеді.

2) *Коммуникативті-репродуктивті тапсырмалар* (ізденушілік кезең) – бастауыш сынып оқушыларының серіктесімен бірлескен әрекетінде конструктивті қатынасын ретке келтіруге деген ұмтылысын қалыптастыруға бағытталған. Тапсырманы шешу қатысушылардың бірлескен әрекетінде тұлғааралық қарым-қатынастың барлық жинақталған ережелерін, алғашқыда тікелей мұғалімнің жетекшілігімен, содан кейін өз бетінше қайта жасауына негізделеді.

3) *Коммуникативті - жаттықтырылған тапсырмалар* – бастауыш сынып оқушыларының әрекет үдерісінде қарым-қатынас субъектісі ретінде өзіндік көзқарасын дәлелдеуге бағытталған. Тапсырманы шешу бастауыш сынып оқушыларының өз әрекеттерін басқа қатысушылармен бірлескен әрекет талаптарымен бірге келісуге талпынысын педагог тарапынан жағдай жасауға негізделеді.

4) *Коммуникативті шығармашылық тапсырмалар (интегралданған кезек)* – бастауыш сынып оқушыларының бірлескен әрекет нәтижелеріне қол жеткізуде өзіндік көзқарасына талдау жасау қажеттілігіне бағытталған. Тапсырманы шешу барысында тұлғаның коммуникативтік белсенділігі құрылымында рефлексивті компоненттің пайда болуына себепші болады.

Т.В. Ураковтың анықтауы бойынша коммуникативтік белсенділіктің пайда болуы, оған коммуникативтік тапсырмалардың жүйесін кіріктіріп, оларды кезең бойынша күрделендіру логикасында бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік біліктіліктерін қайта жасауға мүмкіндік береді. Сонымен зерттеу деректерінде коммуникативтік тапсырмалар бастауыш сынып оқушыларының бірлескен өнімді оқу әрекеті барысында вербалды және қызметтік өзара әрекет аймағында коммуникативті біліктіліктерге қызмет көрсету үшін практикалық біліктіліктер жиынтығын құрайды.

М.И. Лисинаның көзқарасы бойынша былайша жіктеуге болады: ***коммуникативтік тапсырманың мақсаты, қарым-қатынас үдерісінде жүзеге асатын, түрлі әрекеттерге бағытталған нақты мүмкіндіктерге қол жеткізу ретінде түсіндіріледі.*** Әрекетті іс-әрекеттің бірлігі ретінде қарастырып, таңдап алған мақсатқа жетуге бағытталған арнайы жанама түрдегі өнімді белсенділікті білдіреді. Коммуникативтік тапсырмаларды ішкі және сыртқы мүмкіндіктерін (қарым-қатынастағы ынталылықтың даму деңгейі, адамдармен өзара әрекетінде бұрынғы тәжірибиесі, өзара әрекеттесу жағдаяты, серіктесімен өзара әрекет мезгілінің жақын арадағы ерекшелігі) анықтайды. Коммуникативтік тапсырмаларға қатысты келтірілген бұл анықтамалар, педагогикадағы берік көзқарастарда әрекеттік тұғырда ең тиімділері деп есептейміз.

Коммуникативтік тапсырма бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастырудың педагогикалық құралы ретінде қарастырылуы мүмкін, оның тағайындалуын былайша негіздеуге болады:

- ықыластың қайнар көзіне қызмет етеді;
- коммуникативтік әрекетке ынталандыру;

- оқушылардың коммуникативтік тәжірибиесін жетілдіру мен танымдық белсенділігін және соңында олардың коммуникативтік құзыреттілігін қарым-қатынас жасай білу біліктілігін мақсатқа бағытталған дамуы негізінде қамтамасыз ету.

Р.Кюнль коммуникативтік тапсырманы қарым-қатынасқа жігер берудегі маңыздылығына ерекше тоқтала отырып, коммуникативтік тапсырманы белгілі бір тиімді нәтижеге қол жеткізуге бағытталған, қоғамдық немесе жеке қажеттіліктерге қажетті коммуникациялар ретінде түсіндіреді. Осы нәтиже негізінде, біздің пікірімізше бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру тиіс.

М.В.Корепанованың пікірінше коммуникативтік тапсырма сырттай жігер беруші ғана емес, сонымен қатар дамудың ішкі қайнар көзі болып табылады, егер оны субъекті қабылдаса деп есептейді.

Сонымен жоғарыда айтылған пікірлерге талдау жасай келе біздер мынадай қорытындыға келемі: **бастауыш сынып оқушыларын оқытуда коммуникативтік тапсырмалардың ролі** баланың тұлғалық дамуының ішкі қайнар көзі ретінде қызмет етеді, сондай ақ, оқу әрекеті барысында тұлғааралық қарым-қатынасы мен өзара әрекеттеріндегі оның қажеттілігін қанағаттандырады.

Бастауыш білім беру деңгейінде коммуникативтік тапсырмалардың орны – сыныптық-сабақ жүйесінде, ойында, проблемалық оқытуда, коммуникативтік әрекетті ұйымдастыруда және жобалау әдістемесінде; тестілеуде және диагностикалауда; дәстүрлі емес сабақтарда; сыныптан тыс әрекеттерде көрінеді.

Коммуникативтік тапсырмалардың пәнін әдеттегі және әдеттен тыс жағдаяттардағы қарым-қатынас тәсілдері мен білімді жетілдіру сапасы ретінде түсінеміз.

В.А.Кан-Каликтің ескертуі бойынша, коммуникативтік тапсырма педагогикалық тапсырмаға қарағанда дайынды алып жүретін, соңғысынан келіп шығатын және сонымен анықталады. Ғалымның коммуникативтік тапсырмаларды шешу үдерісіндегі тұғырын былайша жіктеуге болады. Бұл үдеріс өзіне келесідей кезеңдерді қамтиды:

- I. Коммуникативті тапсырмаларды түсіну.
- II. Тапсырманың бастапқы мәліметіне талдау жасау.
- III. Ғылыми болжамын ұсыну.
- IV. Коммуникативтік өзара әрекеттесу тәсілдерінің жүйесін анықтау.
- V. Тапсырманы өзі шешу.

Бірінші кезеңде педагогикалық міндетті жүзеге асырудың қажетті мүмкіндігі ретінде коммуникативті тапсырманы түсіну жүзеге асырылады.

Бастапқы мәліметтерге жүргізілген талдаулар, жағдаяттық мүмкіндіктерді, балалардың жас ерекшелігін, өзіндік мүмкіндіктерін есепке алу қажеттігін ескереді. Педагогикалық өзара әрекеттестікке бар бара келетін коммуникативтік болжамды ұсына білу біліктілігі маңызды мәнге ие. Ол үшін педагог кемелді ойлау мен болжам жасай білу қабілетіне ие болу керек. Коммуникативтік өзара әрекеттестік әдістер жүйесін анықтау, педагогикалық

жағдаятқа бағдар жасай алу, балалардың жеке ерекшеліктерін, коммуникативтік технологияларды меңгеру деңгейімен тікелей байланысты. Тапсырмаларды шешу тікелей таңдап алынған коммуникативтік өзара әрекеттестіктікте қарым-қатынаста вербалды және бейвербалды құралдарды қолдануға негізделіп, оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылармен кері байланыстың түрлі жолдарын орнатуға бағытталады.

А.В.Фоминаның зерттеуінде оқытудың тәрбиелік мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін коммуникативтік педагогикалық тапсырмаларды бөліп көрсеткен:

- 1) эмоционалдық көңіл күй орнату және оны ұстап тұру;
- 2) қарым-қатынастың жалпы мәдени дағдыларының болуы;
- 3) оқушылардың мотивациялық ортасын ынталандыру;
- 4) олардың өзіндік әрекеттерінің нәтижесін үнемі бағалау.

Педагогикалық коммуникативтік тапсырма – бұл педагогикалық іс әрекет жағдайында көрінетін, оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылардың өзара тиімді қарым-қатынас жасауына және тұлғааралық коммуникация жүйесі арқылы педагогикалық әдістерді жүзеге асыруға бағытталады. Мұғалім мен студент арасындағы тұлғааралық өзара педагогикалық әрекетіндегі коммуникативтік тапсырмаларды зерттеу, талдау жасау мен қайта өзгерту негізінде бастауыш сыныптың оқыту үдерісінде коммуникативтік тапсырмалар кешенін жасап, оны кесте түрінде рәсімдеуге мүмкіндік берді.

Кесте 1 - Бастауыш мектептің оқыту үдерісіне арналған коммуникативтік тапсырмалар кешені

КТ түрі	КТ мазмұны	Дамытушы нәтиже
1	2	3
Ынталандырушы	1. Коммуникацияның адам өміріндегі маңызы жөніндегі білімдермен қаруландыру; 2. Коммуникативтік деңгейін анықтау (балалардың өзін-өзі көре білуін дамыту).	Коммуникативтік тәжірибие жинақтау.
Алгоритм тапсырмалар	1. Коммуникативтік әрекеттерге үйрету: - вербалды қарым-қатынас: тілді қолдану; - вербалды емес қарым-қатынас: ым ишара тілін, дене қозғалыстары; - вербалдық және вербалды емес құралдарды қодануда сәйкестік орнату; - әңгімелесушіні тыңдай және түсіне білу; 2. Коммуникативтік қатынастың алгоритмін үйрену.	Кезеңдер бойынша коммуникативтік қарым-қатынас үдерісінде коммуникативтік әрекеттің ретін меңгеру (әрекетке түрткі болу, әрекет жағдаятын нақтылау, өзіндік әрекет, оны жинақтау).
Ізденушілік-шығармашылық	1. Жаңа жағдайда алынған біліктіліктерді жеткізе білуге	Эвристикалық коммуникативтік іс-әрекет.

	ынталандыру. 2. Оқу әрекетіндегі КТ шешу тәсілдерін еркін таңдауға ынталандыру. 3. КТ шығармашылықпен шешу 4. Педагогикалық тапсырмалардың коммуникативтікке ауысуы.	Іс әрекетті рефлексивті бағалау, кері байланысты қамтамасыз ету. Коммуникативтік әрекеттердің үйлесімділігі. Тұлғаарылық байланыс орнатуда дұрыс бағытты таңдау, серіктесінің маңызды ролін қабылдау; аутокоммуникация жасауға қабілеттілік
--	---	---

Коммуникативтік тапсырмалардың түрлерінің анықтамалары:

- **Ынталандырушы** тапсырмаларға қатыстылардың негізгі мақсаты, коммуникацияға қызығушылығын арттыру болып табылады.
- **Алгоритм тапсырмалардың** басты міндеті бастауыш сынып оқушыларының тұлғаарлық қарым-қатынасты ұйымдастыру негізіне жататын коммуникативтік ережелерді меңгерту.
- **Ізденушілік-шығармашылық** тапсырмалар тек коммуникативтік біліктіліктерін ғана қалыптастырып қоймай, оқушылардың мәселені өз бетімен құруға, оның ең дұрыс шешімін табуға және өзіні өзі жүзеге асыруға деген ынтасының дамытуға әсер етеді.

Біздің көзқарасымыз бойынша ізденушілік-шығармашылық коммуникативтік тапсырмалар өзіне қызығушылық сипатты, коммуникативтік біліктіліктің дамуын білдіріп, осы тапсырмалардың нәтижесі болып табылады:

- шешімді таңдау тәсілінің мүмкіндігімен байланысты коммуникативтік тапсырмалар;
- өзіндік ойлауын дамытуға бағытталған коммуникативтік тапсырмалар (ішкі диалогқа бағдарланған);
- рефлексивтік қабілеттерді дамытушы коммуникативтік тапсырмалар;
- өзіндік даму қажетілігін өзектендіретін коммуникативтік тапсырмалар.

Біздің пікірімізше бастауыш сынып оқушыларын коммуникативтік тапсырмаларды шешуге баулу сол тапсырмалардың пайда болуы мен құрылуын қамтамасыз етуде, оқыту үдерісінің жүйесін жобалауға мүмкіндік береді.

Л.М.Дороганов педагогикалық жағдаяттағы қарым-қатынаста үнемі коммуникативтік тапсырмаларды шешу үдерісі болады деген пікірімен келісуге болады. Автор бұл үдерісте келесідей кезеңдерді бөліп көрсетеді:

- 1) бағдарлау;
- 2) жоспарлау;
- 3) өзіндік қарым-қатынас;
- 4) нәтижені талдау.

Біздің көзқарасымыз бойынша педагогтың бағдары оқушылардың тұлғалық дамуын, субъектілік өзара әрекет пен коммуникативтік жағдаятта көрінетін педагогикалық қарым-қатынас мақсатына бағытталуы керек.

Аудиторияның қарым-қатынас жағдаятын, коммуникация мақсатын, оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жөніндегі білімдерінің болуы, мұғалімге оқушылармен коммуникативтік өзара әрекеттестікті жоспарлауға мүмкіндік береді.

Сол қарым-қатынасқа сәйкес мұғалімнен коммуникативтік біліктілікті қолдана білу, этикет ережелерін сақтай білу, сезімталдық, ұқыптылық, әдептілік, тілектестік, кері байланысты ескеру, оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін секілді талаптарды жағдайдың ерекшеліктеріне қарай қолдануды қажет етеді.

Коммуникативтік тапсырмаларды шешу нәтижесі педагогикалық қарым-қатынас үдерісіне лайықты түзету енгізуге мүмкіндік береді.

Қарым-қатынастың коммуникативтік қыры белсенді субъект ретіндегі адамдар арасындағы ақпараттық үдерісті анықтаумен, яғни ақпараттың жай ғана «қозғалысына» емес, серіктестер арасындағы қатынасты есепке алу, оларды құру, мақсаттары, ниеттері, сондай-ақ, адамдар алмасатын сол жөніндегі білімдерді, мәліметтерді, пікірлерді, нақтылау мен толықтырумен байланысты (Г.М. Андреева). Білім беру үдерісінде және одан тыс уақыттарда жолдастарымен қарым-қатынас жасай білуге, сол жағдаятқа бағдарлану, этикет ережелерін қолдана отырып, өзінің көзқарасын дәлелдей білу, өзінің толғанысын, сезімін, қатынасын көрсете білу, сонымен бірге өзіндік бақылаудың қарапайым амалдарын қолдану, қарым-қатынас үдерісінде оқушылардан коммуникативтік біліктерді меңгеруді талап етіп, таныс немесе таныс емес жағдаяттарда өз білімін қолдана білуге қабілеттілікті білдіреді. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік біліктіліктерді меңгеруі үшін, педагогикалық үдерісті қамтитын мақсатқа бағдарланған жұмысты талап етеді. Мұнда коммуникативтік тапсырма педагогикалық құрал ретінде қызмет етеді.

Коммуникативтік тапсырмалардың аспектілеріне психологиялық-педагогикалық талдау нәтижесінде **коммуникативтік тапсырмаларды құрылымдауда есепке алынатын қағидаларды келесідей жіктеп көрсетеміз:**

- 1) коммуникация пәндері сәйкес келетін қарым-қатынас жағдайы мен әлеуметтік ролдерді есепке алатын тақырыптық-жағдаяттық;
- 2) қарым-қатынасқа түсушілердің коммуникативтік ниетін, олардың коммуникативтік тәсілдерін, әрекеттерін анықтаушы коммуникативтік-қызметтік;
- 3) қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес құралдары мен тәсілдерін есепке алушы интегралды.

Бұл қағидаларды Г.Бели қарым-қатынастың маңызды міндеттеріне жауап беретін және коммуникативтік нәтижеге жету мақсатында коммуникативтік әрекеттерді жүзеге асыруға арналған деп ұсынды. Біз олардың тағайындалуын кеңірек қарастырамыз: оқу тәрбие үдерісінде балаларды дамыту мақсатында педагогикалық нәтижеге қол жеткізу үшін, бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті біліктіліктері арқылы коммуникативтік іс-әрекетті меңгеруі қалыптасады.

Коммуникативтік тапсырмаларды қолданудағы оқыту мақсаты – баланың оқу іс әрекеттерін, пәндік білімдер мен біліктерін және коммуникативті біліктіліктерді меңгерумен бірлікте қарауды қамтамасыз етеді.

Жоғарыда айтылған пікірлерді негізге ала отырып, келесідей қорытынды жасауға болады:

– коммуникативтік тапсырма кең ауқымды қасиет тасымалына ие болғандықтан, әмбебап ұғым ретінде қарастырылып, оқыту үдерісінде барлық пәндік материалдары негізінде тұлғаарлық өзара әрекетте педагогикалық құрал;

– коммуникативтік тапсырма бастауыш білім беру сатысында бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру мен дамыту құралы болып табылады.

Бастауыш сынып оқушысының тұлғалық дамуына біртұтастықта қарау, бастауыш білім беру кезеңіндегі басты мақсаттардың бірі ретінде коммуникативтік тапсырмаларды шешу барысында коммуникативтік біліктіліктердің қалыптастыратын келесідей маңызды компоненттерді атауға мүмкіндік береді:

– мотивациялық аймақта – қарым-қатынастың артуы, табыстылыққа жетуге деген ұмтылыс, өзін-өзі жүзеге асыруға деген ықылас;

– интеллектуалдық аймақта – шығармашылық қарым-қатынасқа деген талпыныс, өнертапқыштық, эрудициялы (жан жақты мағлұматы бар);

– эмоционалдық аймақта – сезімді, эмоцияны, қатынасты (қатыстылықты) дұрыс жеткізе білу;

– ерікті аймақта – қарым-қатынаста қажырлылық пен табандылықты, жинақылықты, бастамашылықты (ынталылықты) дамыту;

– өзіндік реттеушілік аймақта – өзіндік реттеу тәсілдерін меңгеру, коммуникациялық өзара әрекетте басқалармен өзінің әрекеті мен қалауын бір пікірге келтіре білу іскерлігі;

– экзистенциалдық аймақта – жеке тұлға ретінде өзін өзі таный білуін дамыту.

IV Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға бағдарланған тапсырмаларды пайдаланудың әдістемелік ерекшелігі

Педагогикалық қарым-қатынас технологиясының мәнін түсіну үшін, «коммуникативті тапсырма» ұғымын айқындау қажет, себебі кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас үдерісі коммуникативті тапсырмалар жүйесі ретінде түсіндірілуі мүмкін. Педагогикалық тапсырмалардан туындап және оның бейнесі бола отырып, коммуникативті тапсырманы шешудің педагогикалық тапсырмаларды шешу сияқты бірнеше кезеңдері болады: ситуацияны талдау, нұсқаларды таңдау және олардың арасынан қолайлы нұсқаны таңдау, коммуникативті өзара іс-әрекет және оның нәтижелерін талдау. Мысалы, жаңа материалды түсіндіруде туындайтын тапсырмаларды, педагог педагогикалық ситуацияларды талдайды, жаңа материалды

түсіндірудің қолайлы әдістерін таңдайды және содан кейін педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асырады. Педагогикалық тапсырманы шешудің барлық кезеңдерінде, педагог, қарым-қатынастың соған сәйкес технологиясын қолданады, оның көмегі арқылы педагогикалық өзара іс-әрекет ұйымдастырылады.

Осылайша, коммуникативті тапсырма – педагогикалық тапсырма болып саналады, бірақ аталған тапсырма коммуникация тіліне ауыстырылған. Сонымен бірге, коммуникативті тапсырманың педагогикалық тапсырманың бейнесі бола отырып, қосалқы және инструменталды сипаты болады (В.А.Кан-Калик). Сондықтан, нақты педагогикалық әсерді ұйымдастыра отырып, оны коммуникативті тұрғыда жүзеге асырудың тәсілдерін айқындау қажет.

А.А.Леонтьев коммуникативті тапсырманы проблемалық ситуацияда бағдарланудың нәтижесі ретінде анықтайды, оның мақсаты қарым-қатынас бойынша серіктестерге әсер ету болып табылады. Ол саналы ұғынылған немесе бейсаналы ұмтылыстың немесе тілектің салдары болуы мүмкін, яғни коммуникативті мақсаттың салдары болуы мүмкін, ол өз кезегінде ішкі интенция, вербальды мінез-құлықтың реттеушісі болып табылады. Біздің тәжірибеміз көрсеткендей, көптеген педагогтар коммуникативті тапсырманы педагогикалық үдерістің компоненті ретінде саналы түсінбейді, алайда оны шынайы іс-әрекетте бейсаналы тұрғыда шешеді.

Орындалатын іс-әрекеттің жалпы коммуникативті тапсырмаларын айқындауға болады, олар және педагогикалық өзара іс-әрекеттің барысында туындайтын ағымдағы коммуникативті тапсырмалар алдын-ала жоспарланады. Жалпы коммуникативті тапсырма баяндаудан (хабарлау) және ынталандырудан құралады. Баяндаудың алуан түрлері болады: өзіндік баяндау, хабарлау, атау, хабарландыру, атап өту, реплика, жауап, жеткізу, рапорт және т.б. Ынталандырудың келесі түрлері болады: бұйрық, команда, талап, ескерту, қорқыту, тиым салу, шақыру, алдын алу, ұсыныс, кеңес, тапсырма, өтініш, жалыну. Осылайша, коммуникативті тапсырмаларды шешу үдерісінде, педагог екі негізгі мақсатты жүзеге асырады: оқушыларға хабарлама жеткізу немесе оларға әсер ету, яғни әрекетке ынталандыру.

Интенция – шынайы болуы немесе тек қиялда болуына қарамастан, затқа қатысты сананың имманентті бағыттылығы. Вербальды – сөздік, ауызша. Коммуникативті тапсырма оқу тапсырмасының жалпы контексіне кіріктірілген, ол Д.Б.Эльконин бойынша, оқу іс-әрекетінің негізгі бірлігі болып табылады. Бұнда оқу тапсырмасының басқа тапсырмалардан негізгі айырмашылығы ретінде, оның мақсаты мен соңғы нәтижесінің, әрекет ететін субъектінің өзгеруінен, әрекеттің белгілі тәсілдерін меңгеруінен тұратындығы алынады, бұнда субъектінің әрекет ететін заттардың өзгеруі алынбайды.

Коммуникативті тапсырмалар оқу іс-әрекетінің контексінде оқу тапсырмасын шешу құралы ретінде қарастырылуы мүмкін. Оқушылармен қарым-қатынас үдерісінде, мұғалім сабақ барысында сипаты бойынша алуан түрлі коммуникативті тапсырмаларды шешеді және алуан түрлі

педагогикалық функцияларды жүзеге асырады. Мұғалімнің коммуникативті әрекеттерінің төрт функционалды қатары анықталған: ынталандырушы, әсер етуші (бағалаушы және түзетуші), тексеруші, ұйымдастырушы.

Оқушылардың оқу іс-әрекетін басқаруды жүзеге асыратын мұғалім үшін, оқушылардың оқу іс-әрекетін бағыттайтын коммуникативті әрекеттерінің типтерін дәл саналы ұғыну және дифференциациялау ғана маңызды емес, сонымен бірге, осы әрекеттердің қайсысының педагогикалық коммуникативті тапсырмаларды шешетінін анықтау маңызды болып табылады.

Педагогикалық қарым-қатынас технологиясының мәні, коммуникативті тапсырмаларды шешу кезеңдерін сипаттамайынша, толық қарастырылып ашылмайды. Олар келесі үлгіде берілуі мүмкін: қарым-қатынас жағдайында бағдарлану; зейінді аудару; «объектінің жанын зонд арқылы өткізу»; вербальды қарым-қатынасты жүзеге асыру; кері мазмұнды және эмоционалды байланысты ұйымдастыру.

Қарым-қатынас жағдайында бағдарлану кезеңінде, қарым-қатынастың жалпы стилінің, қарым-қатынастың нақты жағдайларына «бейімдеудің» күрделі үдерісі жүзеге асады (сабақ, іс-шаралар және т.б.). Осындай бейімдеу келесі компоненттерге сүйенеді: педагогтың оқушылармен қарым-қатынастың өзіндік стилін саналы ұғынуы; аталған ұжымда қарым-қатынастың бұрынғы ерекшеліктерін саналы түрде қалпына келтіру – коммуникативті ес; сыныптағы ситуацияға және ағымдағы педагогикалық тапсырмаларға сүйене отырып, іс-әрекеттің коммуникативті жаңа жағдайларында қарым-қатынас стилін нақтылау. Бұнда қарым-қатынас объектісін нақтылау жүзеге асырылады, объект ретінде сынып, балалар тобы немесе жеке тәрбиеленушілер алынуы мүмкін.

Зейінді өзіне аудару кезеңі, алуан түрлі тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Оның келесі нұсқаларын айқындауға болады: тілдік – оқушылармен вербальды қарым-қатынас; өзіне белсенді ішкі талаппен зейін аударудағы үзіліс; қозғалысты-белгілік – кестелерді, көрнекі құралдарды қолдану, тақтадағы жазу және т.б.; аралас нұсқа алдыңғы үш нұсқаның элементтерін қамтиды. Көп жағдайда зейінді аударудың аралас типі жиі қолданылады.

Нәтижелі кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас, мұқият түрде «объектінің жанын зонд арқылы өткізуді» талап етеді (К.С.Станиславскийдің термині). Осы кезеңде педагог алдыңғы кезеңдерде қалыптасқан, қарым-қатынас жағдайлары мен мүмкін болар коммуникативті тапсырмалар туралы көріністерді нақтылайды, нәтижелі қарым-қатынасты жедел бастауға, аудиторияның даярлық деңгейін бірқалыпты ұстауға ұмтылады. Тәрбие жұмысының тәжірибесі, тәрбие үдерісін тікелей ұйымдастыратын және жүргізетін адамдардан, жоғары сенсорлы мәдениетті талап етеді, ол өз кезегінде тәрбиеленушілердің макро- және микроэкспрессиясындағы ньюанстарды дәл түсіндіруде және нақты айырмашылығын табу білігінде көрінеді.

Коммуникативті тапсырманы шешудің негізгі кезеңі – вербальды қарым-қатынасты жүзеге асыру кезеңі болып табылады. Бұндай қарым-қатынастың жетістігі, педагогтан жақсы вербальды естің болуын; айқын, мәнерлі сөйлеуді қамтамасыз ететін тілдік құралдарды дұрыс таңдау білігінің болуын; берілетін ақпаратты баяндауды логикалық тұрғыда дұрыс құрылу білігінің болуын; сөйлеуді қарым-қатынастағы серіктеске бағдарлау білігінің болуын; антиципацияның жоғары деңгейінің болуын (асыра бағалау) талап етеді.

К.С.Станиславский (1863-1938) – ресейлік режиссер, театр қайраткері және педагог. Актерлерді тәрбиелеудің шығармашылық жүйесін құрастырды, оның көптеген идеялары мұғалімдерді даярлауда қолданылады.

Коммуникативті өзара іс-әрекеттің тиімділігін арттыратын құралдарға жататындар: «жоғары және төмен» жабдықтарға бейімделу қабілеті (аяқталған құрылыс және қосымша құрылыс); бұлшық етті мобильділік немесе жұмылдыру, қарым-қатынастағы бастамашылдық, қарым-қатынасты басқару қабілеті, жест (қол қимылдары), мимика (бет қимылы) және пантомимиканы меңгеру, дауысты жоғары көтеру (күшейту) және төмен түсіру немесе педагогикалық тұрғыдағы интонация. Тәрбиеленушілер үшін ақпарат маңызды емес, педагогтың ақпаратты хабарлаудағы мағынасы, оның хабарланатын деректерге қатынасы маңызды болып саналатынын есте сақтаған дұрыс. Сондықтан, педагог әрдайым мәтінді оқу мүмкіндігін ескеруі керек және саналы түрде берілетін ақпараттың ерекшелігін қолдануы керек.

Сенсорлы – сезетін (қарама-қарсы мағынасы – моторлы). Экспрессия – мәнерлілік. Коммуникативті тапсырманы шешудің соңғы кезеңі – мазмұнды және эмоционалды кері байланысты ұйымдастыру кезеңі. Мазмұнды кері байланыс оқушылардың оқу материалын меңгеруінің деңгейі туралы ақпарат береді. Ол фронтальды және оперативті индивидуалды сауалнаманың көмегі арқылы, орындалған тапсырмаларды түсіну және талдауды анықтауға бағытталған мәселелерді мерзім бойынша қою арқылы жүзеге асырылады. Эмоционалды кері байланыс педагогтың аталған сабақта немесе тәрбиелік іс-шарада оқушылардың көңіл-күйлерін сезу арқылы құрылады, оны оқушылардың мінез-құлқы, беттері мен көздерінің бейнесі арқылы, жеке репликалары және эмоционалды байланыстары арқылы байқауға болады. Мазмұнды кері байланыс эмоционалды кері байланыспен біріге отырып, педагогқа материалды қабылдаудың деңгейі туралы және өткізілетін сабақтың танымдық-адамгершілік атмосферасының деңгейі туралы ақпарат береді.

Коммуникативті тапсырмалар жұмыста коммуникативті актінің функционалды бірлігі ретінде қарастырылады, бұл өз кезегінде қарым-қатынастың құрылымдық бірлігі болып табылады. Коммуникативті тапсырмалар танымдық және ойлау тапсырмаларымен тығыз байланысты, ал ойлау тапсырмалары коммуникативті тапсырмаларды шешудің ішкі механизмі болып табылады (В.А. Малахова). Коммуникативті тапсырмалар – кез келген нәрсенің бірлігі, сонымен бірге кең психологиялық ұғым ретіндегі қарым-қатынастың ерекшеліктері және педагогикалық жүйенің

ерекшеліктері арқылы анықталатын педагогикалық қарым-қатынастың бірлігі болып табылады (Н.В. Кузьмина, Н.В. Кухарев). Бұдан педагогикалық қарым-қатынасты мұғалім мен оқушылардың коммуникативті тапсырмаларды кезектесіп шешу үдерісі ретінде түсіну дұрыс болып саналады, яғни бұл үдерісті педагогикалық қарым-қатынастың әрбір субъектісі кезектестіп шешеді. Мұғалімдердің педагогикалық қарым-қатынасын жүзеге асыру спецификасы талдау объектісі ретінде болса (С.Я. Ромашина, Л.А. Хараева), онда оқушылардың алуан түрлі коммуникативті тапсырмаларды педагогикалық қарым-қатынас үдерісінде шешуінің ерекшеліктері бұнда алғаш рет қарастырылады.

Кез келген тапсырма сияқты, коммуникативті тапсырмалар күрделі психологиялық құрылым болып табылады. Коммуникативті тапсырмалардың құрылымының негізгі компоненттері ретінде, оларды шешудің мақсаты, пәні, шарттары, құралдары және шешу тәсілдері, өнім, нәтиже, олар өз кезегінде жиынтықты түрде коммуникативті тапсырмалардың психологиялық табиғатын анықтайды. Коммуникативті тапсырмалардың психологиялық мазмұны, тілдік іс-әрекеттің пәндік мазмұнына ұқсас болады, осы іс-әрекет арқылы субъект қарым-қатынас үдерісінде коммуникативті тапсырмаларды жүзеге асырады. Коммуникативті тапсырмалардың психологиялық мазмұнының барлық ерекшеліктері, оны шешудің нәтижесінде пайда болатын өнімі – мәтін арқылы айқындалады, мәтін өз кезегінде коммуникативті тапсырмалардың құрылымдық және мазмұнды қасиеттерінің сипатын қамтиды. Коммуникативтіліктің белгілі дәрежесімен негізделген, коммуникативті тапсырмаларды сипаттау, түсіндіру, дәлелдеу және сендірудің құрылымдық және мазмұнды ерекшеліктерін талдау, әрбір тапсырманың психологиялық табиғатын сипаттауға мүмкіндік береді (1 кестені қараңыз).

Сипаттау, түсіндіру, дәлелдеу және сендірудің психологиялық ерекшеліктерін талдау және осы тапсырмаларды әртүрлі жас кезеңіндегі оқушылардың шешу спецификасын талдау, коммуникативті тапсырмаларды шешудің сипаты, тапсырмалардың психологиялық табиғаты және оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты болатынын ескеруге мүмкіндік береді. Әдебиеттерді талдау көрсеткендей, жас ерекшелігіне қарай оқушылардың құрылымдық және мазмұнды қатынастағы аса күрделі тапсырмаларды шешу білігі жетілдіріледі. Оқушылар коммуникативті бағыттармен айрықшаланатын, коммуникативті тапсырмаларды меңгеруге сезімтал келеді. Мысалы, бастауыш мектеп жас кезеңін, сипаттауға сезімтал келетін даму кезеңі деп анықтайтын болсақ, яғни коммуникативтіліктің төмен дәрежесімен сипатталатын тапсырманы сипаттауға сезімтал келетін даму кезеңі деп анықтама беретін болсақ, онда студенттік жас кезеңінде оқушылардың төрт коммуникативті тапсырмаларды жетістікпен шешетінін болжауға болады. Осылайша, әрбір жас кезеңі, әртүрлі дәрежеде коммуникативті тапсырмаларды немесе мазмұнды және құрылымдық сипаттамалар жиынтығын шешудегі сензитивті немесе сезімталдық кезеңі болып табылады.

А.К.Маркова ұсынған сөйлеу жасындағы ұғымдар негізінде қалыптасқан коммуникативті жас ұғымы, адамның тілдік дамуын әрі қарай зерттеуді жалғастырады. Автордың пікірі бойынша, 7-8 жастағы субъектіде дифференцияланған әсердің маңызды тілдік функциясы қандай коммуникативті тапсырмаларды шешілетінін білдіреді.

Әдебиеттерді талдау көрсеткендей, коммуникативті тапсырмаларды шешу өзара әрекет ететін ішкі факторларға ғана тәуелді болмайды, сонымен бірге қарым-қатынастың сипаты сияқты, сыртқы факторға тәуелді болатынын болжауға мүмкіндік береді. Ол қарым-қатынасты жүзеге асыру, шарттар жиынтығымен анықталады: қарым-қатынастағы серіктестің болуымен және тікелей қатысуымен, қарым-қатынастың бағдарлануымен (А.А. Леонтьев, Б.Х. Бгажноков), қарым-қатынастың контактілігі немесе дистанциялығымен (А.А. Долодович), уақытша режиммен және басқалармен. Қарым-қатынастың барлық осы ерекшеліктері, әрбір коммуникативті актіде беріліп, педагогикалық қарым-қатынас үдерісінде коммуникативті тапсырмалар шешілетін, қарым-қатынастың алуан түрлі ситуацияларын модельдеуге және коммуникативті тапсырмаларды субъектінің жетістікпен шешетінін болжауға мүмкіндік берді, бұнда қарым-қатынас ситуациясы табиғи коммуникативті актіні қайта жаңғыртады. Осылайша, бірінші тарауда жүргізілген, теориялық талдаудың нәтижесінде ұсынылған өзара байланысқан сыртқы және ішкі факторларға коммуникативті тапсырмаларды шешудің тәуелді болатыны туралы қағида, зерттеу болжамының негізіне алынды.

Ұсынылған болжамды бекіту үшін, эксперименттік зерттеу жүргізілді, оның әдістемесі екінші тарауда сипатталады. Зерттеу екі сериядан тұратын диагностикалық экспериментке негізделді. Бірінші серияда коммуникативті тапсырмаларды сипаттау және түсіндірудегі, оқушылардың оларды шешудегі жас ерекшеліктері зерттелді, яғни шартты түрде оқу тапсырмасы (дистантты, бағдарлы емес, уақыт бойынша шектелген қарым-қатынас) және шынайы тапсырма (дистантты, бағдарлы, уақыт бойынша шектелмеген қарым-қатынас) деп аталған, қарым-қатынастың екі ситуациясында коммуникативтіліктің төмен дәрежесі бар тапсырмалар зерттелді. Екінші кезекте сабақта жиі қолданылатын, қарым-қатынастың оқу жағдаятында, аса зор коммуникативті бағыттылығымен сипатталатын, дәлелдеу және сендірудегі коммуникативті тапсырмаларды оқушылардың шешудегі жас ерекшеліктері ескерілу қажет.

V «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Дүниетану» оқу пәндері бойынша коммуникативтік тапсырмалар үлгісі

Қазақ тілі

1. Оқушылар хайуанаттар бағына саяхат жасады. Мұғалім осы көргендері бойынша шағын шығарма жазу туралы тапсырма берді. Берілген жоспар бойынша шығарма жаз:

- 1) Хайуанаттар бағына саяхат;
- 2) Хайуанаттар бағындағы қызықтар;
- 3) Саяхаттың әсері.

2. «Қарға» сөзінің семантикалық картасын жаса: ол аң ба, әлде құс па? Қайда тіршілік етеді, немен қоректенеді? Түрі, түсі жағынан қай құсқа ұқсайды? Қарға туралы жұмбақ, жаңылтпаш айт.

3. Анаң сені дүкеннен шомыр сатып әкелуге жіберді. Сен бұл көкөністің атын жол-жөнекей ұмытып қалдың. Қайткен күнде де кері қайтпай, көкөністі сатып алуың керек. Ол үшін сатушыға бұл көкөністі сипаттап бер: оның түрі, түсі, дәмі қандай, одан не жасауға болады?

4. Наурыз мерекесі неліктен көктемде тойланады деген сұраққа жауап бере отырып, пайымдау мәтінін құрастыр. Өзің және парталасың жазған мәтіндерді салыстыр. Олардың ұқсастығы мен өзгешелігін ажырат.

5. Достары Айдынды туған күнімен құттықтады. Ол қуанғанынан «рахмет, рахмет» дей берді. Оған өз ризашылығын, алғысын бұдан басқа қандай сөздермен жеткізуге болар еді? Айдынның орнында өзің болсаң қандай сөздерді пайдаланар едің?

6. Атаңды не әженді құттықтағанда олар алғыстарын қалай білдіретіні туралы диалог құрастыр.

7. Өлеңде леп белгісі туралы былай жұмбақталады:

Қуану, ренжу, өкіну,
Мақсатым – соны сездіру.
Ұранды да айтамын,
Қарқындап барып қайтамын.

Басқа тыныс белгілерінің атқаратын қызметі туралы айт.

8. Қала (ауыл) бөлігі көрсетілген картаның қалаған көшесі бойына өз үйіңнің суретін жабыстыр, дәптеріңе қай көшеде тұратыныңды жаз.

9. Сыныптастарыңның алдында қай көшеде тұратыныңды айт.

10. Үйіңе келген қонақтарға отбасылық альбомды көрсетіп отырсың. Өз отбасың туралы айтып бер, «Сенің отбасың тату ма?» дегендей сұрақ қойып, қонақ баланың отбасына баға бер.

11. Жануарлар туралы ертегіні есіңе түсір, оларды атап шық. Жағымды кейіпкерді “+” белгісімен, жағымсыздарды “-” белгісімен белгіле, оларды екі топқа бөліп дәптеріңе жаз.

12. Ертең сенің туған күнің болады дейік. Оған кімдерді шақыратыныңды, олар қандай тағамдарды, ойындарды ұнататынын анықта.

Әдебиеттік оқу

1. «Өзім тойдым», «Қомағайлық», «Қожанасыр мен ашқарақ» мәтіндеріне ортақ бір тақырып ойла. Осы мәтіндердегі айтылған оқиғаларды, өз үйіндегі қонақ күту дәстүрімен салыстырып әңгімеле.
2. Нан туралы оқыған шығармаларыңды пайдаланып, нанның дайындалу барысын сызбамен көрсетіп бер.
3. А. Құнанбаевтың «Адам болам десеңіз» өлеңіне сүйене отырып, төмендегі сызбаны толтыр:

Менің бойымдағы жақсы қасиеттер	Менің бойымдағы жағымсыз қылықтар

4. Төмендегі келтірілген мақалдардың мағынасы Ы. Алтынсариннің қай әңгімесіне сәйкес келетінін белгіле:
 - а) Туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас.
 - ә) Жақсылыққа жақсылық әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі.
 - б) Тазалық – денсаулық кепілі.
 - в) Білімдінің көзі ашық.Ы. Алтынсарин шығармалары: «Шеше мен бала», «Салақтық», «Қарабатыр», «Надандық».
5. Табиғатты қорғау мен табиғаттан қорғану тіркестерінің мағынасын түсіндір. Осы тіркестердің қайсысы аталған әңгіменің идеясын анықтайтынын айтып бер. Мәтін мазмұнына сүйеніп, пікіріңді дәлелде (Д.Қасеновтың «Найзағай» әңгімесі бойынша).
6. Ө.Қанахиннің «Туған жер» мәтініне сүйеніп, біздің жерімізде бар заттардың тізімін төмендегідей белгілер бойынша жікте:
 - а) Тау қыраттары;
 - ә) Жерде өсетін дақылдар мен шөптер;
 - б) Төрт түлік;
 - в) Қазба байлықтары.
7. Бозінген безілдеп ботасын іздеуде Оның ботасын сатып жіберген адамдарға не айтар едің? Ойыңды қағазға түсір. Арыстан мен қозының өзара сөйлесу мәтінін құр.
8. «Өзім тойдым», «Қомағайлық», «Қожанасыр мен ашқарақ» мәтіндеріне ортақ бір тақырып ойла. Осы мәтіндердегі айтылған оқиғаларды, өз үйіндегі қонақ күту дәстүрімен салыстырып әңгімеле.
9. Сыныптастарыңның ұнайтын есімдерін жаз.
10. Өлең жаттап алып, мектеп не сынып шарасында мәнерлеп оқып бер.
11. Сыныптасыңмен бірге телефон арқылы қонаққа шақыру сұхбатын жасаңдар (амандасу, қонаққа шақыру, алғыс білдіру).
12. Жұмыс шағын топтарда жүргізіледі. Бір оқушы аңның суретін жасырады, басқалардың сұрақтарына бірінші оқушы: «Иә, жоқ» деп жауап қайтарады. Атын тапқан оқушы келесі аңның суретін жасырады.

Дүниетану

1. Табиғатта болатын құбылыстарды бақыла, зерттеу үшін қандай құралдарды қолдандың, оны қалай жүргізгенің жөнінде әңгімеле.
2. Адам тіршілігіне қажетті жағдайларды анықтап, олардың әрқайсысының маңыздылығын дәлелдейтін мысалдар келтір.
3. «Адам денесінің сымбатты болуы» деген тақырыпта ізденіс жасап, сыныптағы құрбыларыңмен өз пікіріңді бөліс.
4. *Сымбатты, енжар, ақылды, арық, шымыр, еңбекқор, толық, салмақты, ақылсыз, күшті* сөздерін пайдаланып өзің жақсы көретін құрбыңа сипаттама бер.
5. Көкжиек тұстарын анықтайтын құралды пайдаланып, көкжиек тұстарын анықта және әр тұстың табиғаты, ауа райы, адамдарының тұрмыс тіршілігін бейнелейтін суретін сал.
6. Өзің тұратын қаланың немесе ауылдың орналасқан жерін картадан анықтап, сол өңірдегі тау, өзен, көл, тау жыныстары жөнінде мәлімет жина, олардың жергілікті халыққа тигізер пайдасы жөнінде шығарма жаз.
7. Адам әрекеттері арқылы өсімдіктердің жойылуына тигізген әсері жөнінде, өсімдіктерді қорғау үшін отбасында, мектепте қандай жұмыстар атқарғандарың жөнінде әңгімеле.
8. Кішкентай Дархан көрген нәрсесін айтып жеткізе алмай тұр. Ішкі үйге бір құс ұшып кіріп, қайта шығыпты. Дәл сондай құс Сәрсен атайдың ауызғы үйіне ұя салыпты. Дарханның көргені қандай құс? Көмекке кел. Сипаттап көр.
9. Сынып оқушыларының Сара әжейге қамқор болып, көмектесіп жүргендеріне көп бола қойған жоқ. Ол – жалғыздікті кісі. Ұлы Отан соғысы кезінде ауылда трактор айдаған. Оқушылар Жеңіс күніне әжейге қандай сыйлық аламыз деп көп таласты. Сенің ұсынысың қандай болмақ?
10. Мектепте жаңадан табиғат зерттеушілер және тоғызқұмалақ үйірмелері ашылды. Сен табиғат зерттеушілер үйірмесіне қатысқың келеді. Ал ағаң тоғызқұмалақ үйренгенінді қалайды. Ағаң өз пікіріңнің дұрыстығын дәлелде.
11. Далада ойнап жүрген Жанат үйге жүгіріп кірді. Апасынан далада жаюлы тұрған кірлерді алуын өтінді. Апасы түсінбей, себебін сұрады. Жанат қандай жауап берді деп ойлайсың?
12. Үш бала әңгімелесіп отырды.

Балабек:

- Қарға неге қара? – деген сауал қойды.

Жаңабек:

- Қара бояу жаққан, - деп жауап берді.
 - Анасына тартқан, - деп топшылады Данабек.
- Сен қалай ойлайсың?

Қорытынды

Құзыреттілік тұрғысында білім беру саласындағы әлеуметтік күтілімдерге де, білім беру үдерісіне қатысушылар мүдделеріне объективті түрде сәйкес келеді. Сонымен бірге, бұл әдіс-тәсілдер білім беру жүйесінде қалыптасып қалған стереотиптермен, балалардың оқу іс-әрекеттерін бағалау критерийлерімен, педагогтардың педагогикалық іс-әрекеттерімен қарама-қайшы. Жалпы білім беретін мектепті дамытудың қазіргі кезеңінде құзыреттілікті әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру мақсатқа лайықты. Сонымен қатар, педагогикалық білім беру жүйесінде, мұғалімдердің біліктілігін арттыратын институттарда құзыреттілікті әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруға кадрларды теориялық және әдістемелік жағынан даярлау қажет.

Білім беру ұйымдарының қызметінің нормативті базасына, ең алдымен оқушылардың қорытынды аттестациясы, білім беру ұйымдары мен кадрларды аттестациялау жөніндегі құжаттарға өзгерістер енгізілуі керек. Әрине, жалпы компетенттілікті әдіс-тәсілдерді тәжірибеге жаппай енгізудің қажетті шарты жаңа буын оқу бағдарламалары мен құзыреттілікке бағдарланған тапсырмалар қамтылған оқу құралдары.

Оқыту нәтижелерін өлшеу құралдары ретінде тапсырмаларды құрастыру мәселесі бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдау нәтижелері бұл мәселенің жаңа екендігін көрсетті, және көптеген ғалымдар осы проблеманы шешудің басқа әдіс-тәсілдерін ұсынады.

Зерттеу жұмыстарымызда құзыреттілікке бағдарланған тапсырмаларды құрастыру бойынша авторлардың пікірлерін талдауға тырыстық және Ресей мен Қазақстан ғалымдарының осы мәселені шешу бойынша қорытындыларына мазмұндық сипаттама бердік. Мысал ретінде отандық ғалымдар жасаған, құрастырған тапсырмаларды қарастырдық.

Олардың жинақтаған тәжірибелеріне сүйене отырып, оқыту нәтижелерін өлшеу үшін құзыреттілікке бағдарланған тапсырмалар жүйесін жобалау үдерісін сипаттама беруге тырыстық.

Құзыреттілікке бағдарланған тапсырмаларды құрастыру үшін жан-жақты білімнің, оқу пәндерін интеграциялау бойынша терең білімнің қажеттілігін ескерген жөн.

Осы беріліп отырған материалдар педагогика саласындағы зерттеушілерге, мектепте білім беруді ұйымдастырушыларға, педагог-практиктерге заманауи мектепте оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіруде әдістемелік көмек бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н.Ә. Білім беру саласы қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі. - <http://www.edu.gov.kz>
- 2 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты. Бастауыш білім. Астана, 2008ж.
- 3 Новиков А.М. Методология учебной деятельности.-М.:Издательство «Эгвес», 2005.-176с.
- 4 Фишман И.С. «Подходы к оценке уровня сформированности ключевых компетентностей учащихся», журнал «Методист» № 2,3, 4,5, 2007.
- 5 Қаңтарбаев С.Е. Бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетін қалыптастыру: теория және қалыптастыру әдістемесі. -Ақтөбе. 2001.24-25 бет.
- 6 Алифакова Е.М. Формирование коммуникативной компетенции детей дошкольного и младшего школьного возраста средствами театрализованных игр. / дис.канд.-пед.наук. - Волгоград, 2001.
- 7 Жуков Ю.М., Петровская Л.А., Растянников П.В. Диагностика и развитие компетентности в общении. - М, 1991.
- 8 ЮНЕСКО. Доклад ЮНЕСКО о положении дел в мировом образовании за 1991 год. ТарГПИ, 1991.
- 9 Құсайынов А.Қ. 12 жылдық білім беруде әзірміз бе?/Егемен Қазақстан 9.01.09ж
- 10 Джадрина М.Ж., Примбетова Г.С. Задания как средства для измерения учебных достижений учащихся // Білім – Образование, №3 (39), 2008, с. 73-76.
- 11 Қонақова К.Ө. және т.б. Қазақстан Республикасы мектептерінде бағдарлы оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар. Алматы, 2006. -32 б.
- 12 Эльконин Д. О структуре учебной деятельности // Избр. психол. труды. - М., 1989.
- 13 Репкин В.В. Формирование учебной деятельности в младшем школьном возрасте // Начальная школа. 1999. №7. 19-24 бет.
- 14 Хасенов Ә. Тіл білімі.- Алматы, 1996.
- 15 Аханов.К. Тіл білімінің негіздері. - Алматы, 2002,-664 бет.
- 16 Аванесов В.С. Основы теории педагогических заданий // Педагогические измерения, №2, 2006, с.28
- 17 Новейший словарь иностранных слов и выражений. – Мн: Современный литератор, 2007. – 976 с., с.660
- 18 Жуков Ю.М. Методы диагностики и развития коммуникативной компетентности // Общая оптимальная совместная деятельность,- М.: МГУ, 1987.-С.64-78.
- 105.
- 19 Петровская Л.А. Компетентность в общении-М.: Изд-во МГУ. 1989.-79с.
- 20 Подласый И.П. Педагогика начальной школы: Учеб. пособие для студ. пед. колледжей. – М.: Гуманит. Изд. Центр ВЛАДОС, 2002. – 400 с.
- 21 Большой энциклопедический словарь.- М.: ВечеАск, 1999.-544с.

- 22 Рыжков М.В. Ключевые компетенции: возможности применения. // Стандарты и мониторинг в образовании. – 1999, – № 4. –С. 21-22.
- 24 Новиков А.М. Методология учебной деятельности.-М.:Издательство «Эгвес», 2005. -176с.
- 25 Хуторской А.В. Ключевые компетенции: технология конструирования. // Народное образование, - 2003. - № 5.
- 26 Коган Л.Н. Цель и смысл жизни человека. М.: Наука, 1984.-121с.
- 27 Аренова А.Х. Методика развития познавательных навыков внеучебной деятельности школьников. – Алматы, 2003. – 128 с.
- 28 Нұрахметов Н.Н. Құзіреттілікті қалыптастырудағы жаңа оқулықтардың ролі // 12-жылдық білім орта білім берудің жүзеге асуын ғылыми тұрғыдан 49
- 29 Мұханбетжанова Ә.М. Интеграцияланған білімдік кеңістікте тұлғалық бағдарлы білім беру технологиясы.//Қазақстан жоғары мектебі, Алматы, №4-1999.- 40-43 б.
- 30 Құдайбергенева К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізі.-Алматы,2008-328б.
- 31 Мұқанова С.Д. Нәтижеге бағытталған білім беру әдіснамасындағы 12 жылдық білім берудің моделі
- 32 Жексенбаева Ү.Б. Компетентностно ориентированное образование в современной школе: Учебно-методическое пособие-Алматы, 2009-190с.
- 33 Жұмабаева А.Е. Бастауыш сыныптарда синтаксисті дамыта оқыту сабақтарының жүйесі. – Алматы: РАДиАЛ баспасы, 2008.-93 бет.